



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРК ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<https://turkhalklarimedenyetivakfi.kz>

№ 8 (тамыз, 288) 2026 жыл



edebiyat, dramaturji ve çeviri alanlarındaki çalışmalarıyla tanınmaktadır.

Vakfımızda gerçekleştirilen ziyarette Yakutistan ile Türk dünyası arasındaki kültürel ve edebî bağların geliştirilmesi, ortak kültürel değerler ve gelecekte gerçekleştirilebilecek iş birlikleri üzerine görüş alışverişinde bulunuldu.

YAKUTİSTAN'DAN ALMATI'YA KÜLTÜR VE EDEBİYAT BULUŞMASI

Saha Cumhuriyeti'nden (Yakutistan) gelen tanınmış yazar, dramaturg ve çevirmen İraida Gavriljevna Popova, Almatı'da Türk Halkları Medeniyeti Vakfı'nı ziyaret etti.

Rusya Yazarlar Birliği ve Rusya Gazeteciler Birliği üyesi olan İraida Gavriljevna Popova, aynı zamanda "Polyarnaya Zvezda" (Kutup Yıldızı) edebiyat dergisinin sorumlu sekreteridir. Saha Cumhuriyeti'nin (Yakutistan) Kültür Onur Çalışanı unvanına sahip olan Popova,

Türk Halkları Medeniyeti Vakfı olarak Türk dünyasının farklı coğrafyalarından gelen kültür ve sanat insanlarını Almatı'da ağırlamaktan ve halklar arasındaki kültürel köprüleri güçlendirmekten büyük memnuniyet duyuyoruz.

Bu hâliyle isim, noktalama, parantez kullanımı, büyük-küçük harfler ve anlatım açısından gazete metni olarak kullanılabilir.

АБАЙДЫҢ АСЫЛ СӨЗІ 12 ТІЛДЕ

Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа түсінікті түрде жеткізу мақсатында жазушы әрі аудармашы Гүлмира Амандықованың шамамен бес жылдық еңбегінің нәтижесінде «Ұрпаққа Ұлағат» атты кітабы жарық көрді.

Еңбек Абайдың «Қара сөздері» негізінде дайындалып, онда адамгершілік, адалдық, өдеп, еңбек, білім және рухани даму сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар қамтылған. Кітапта Абайдың түпнұсқа мәтіндерімен қатар, жеңілдетілген қазақша нұсқалары мен аудармалары ұсынылған.

Кітаптың басты ерекшелігі – 12 тілге аударылуы. Бұл



Абайдың ой-тұжырымдарын Қазақстаннан тысқары жердегі оқырмандарға таныстыруға мүмкіндік береді.

«Ұрпаққа Ұлағат» – Абай мұрасын жаңа ұрпаққа жеткізуді, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуді және ұлы ойшылдың адамзатқа ортақ идеяларын әлем оқырмандарына танытуды көздейтін мәдени-рухани жоба.

SELVADOR
aluminium

ГИЛЬОТИННАЯ СИСТЕМА ОСТЕКЛЕНИЕ • ПЕРГОЛА ТЕНТ
БИОКЛИМАТИЧЕСКАЯ ПЕРГОЛА • ПЕРЕГОРОДКИ
РАЗДВИЖНЫЕ СИСТЕМЫ: ОКНА И ДВЕРИ • ФАСАДНАЯ СИСТЕМА

Адрес: Казахстан, г.Алматы, район Алмалинский
улица Жибек жолы 135, почтовый индекс 050000
сайт: www.selvador.kz

+7 (727) 978 10 10, +7 (700) 978 10 10



NIKEL METAL

НЕРЖАВЕЮЩАЯ СТАЛЬ •
ОЦИНКОВАННАЯ СТАЛЬ • АЛЮМИНИЙ
Листы • Трубы • Рулоны • Металлопрокат

ТОО «NIKEL METAL» – НАДЕЖНЫЙ ПОСТАВЩИК ЦВЕТНОГО МЕТАЛЛОПРОКАТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ТОО «NIKEL METAL»

Адрес: г. Алматы, ул. Утеген батыра, 58А (уг. ул. Толе би).

Тел.:
+7 (707) 586-55-50
+7 (707) 586-55-54
+7 (777) 523-00-39
+7 (727) 381-65-54

www.nikelmetal.kz

ISTANBUL - ANKARA - LONDON - KOSOVA - MACEDONIA - BAKU - MOSCOW - ALMATY - TASHKENT

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

Әлемнің кез келген бұрышына
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

✳ Тіркелу және виза жасау
✳ Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
✳ Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana **Lufthansa**
TURKISH AIRLINES **QATAR AIRWAYS**

Алматы к., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864
Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
effcket@temtour.net

Astana, 19, str. Tashenova
Т.: +7 (7172) 91 94 94
М.: +7 (702) 500 90 03
travelastana@temtour.net



Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жас қаламгерлерге отандық әдебиет өкілдерімен ғана емес, шетелден келген сөз шеберлерімен де жүздесуге мүмкіндік берді. Солардың бірі – Әзірбайжанның белгілі ақыны, эссеист, аудармашы, «Повелья Мораве» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Ферид Хусейн (Ferid Huseyn). Әдебиет пен шығармашылық туралы дәріс оқыған қаламгермен сәті түсіп, аз-кем сұхбаттасқан едік.

– Сіз шығармаларыңызда Отанды көбіне географиялық ұғым ретінде емес, адамның жанында өмір сүретін рухани кеңістік ретінде бейнелейсіз. Адам туған жерінен алыстағанда қайсысын көбірек жоғалтады? Мекенін бе, әлде өзінің ішкі үнін бе?

– Бұл әр адамда әртүрлі болатын құбылыс. Кейбір адамдар өз-өзінен алыстаған сайын рухани Отанынан да ажырайды. Ал енді біреулер туған жерінен жырақ кетсе ғана Отанның қадірін терең сезінеді. Бірақ мен, ақын ретінде, Отаннан тек физикалық тұрғыда алыстауды жеткіліксіз деп санаймын. Өйткені әр адамның ең әуелі өз ішінде бір Отаны бар. Сондықтан адамның өзінен алыстауы, өз болмысын жоғалтуы ең үлкен ажыраудың бірі. Меніңше, адам ең алдымен өзі үшін Отан болуы керек. Сол себепті Отаннан ажыраудың екі түрі бар деп ойлаймын. Бірі туған жерден физикалық тұрғыда алыстау, екіншісі адамның өз болмысынан, өз рухынан ажырауы. Кейде бұл толықтай өзін жоғалтуға алып келсе, енді бірде тек басқа жерге қоныс аударумен шектеледі. Сондықтан осы екі ұғымның аражігін ажыратып қарауға тырысамын. Бір мықты ақын үшін туған жерінен, елінен жырақта жүру аса қиын болмауы мүмкін. Бірақ өзінің ұлттық болмысынан, ана тілінен, мәдениетінен, рухани тамырынан ажырау ең ауыр қасірет.

– Сіз Низами Ганжаудің шығармашылығын терең

зерттеп кітап жаздыңыз. Низамиден бүгінгі адам ең алдымен нені үйренуі керек деп ойлайсыз?

– Низами Ганжауи материалдық дүниенің өткіншілігін жиі сөз еткен ақын. Ол «Адам бұл дүниеден игілік көрген сайын өзін дүниенің серіктесі санайды. Бірақ соңында бай серіктестің дүниесі өзінде қалады. Сол сияқты біз де бұл өмірде жиған-тергеніміздің бәрін осы дүниеде қалдырып кетеміз» дейді. Яғни бұл өмір бізге уақытша ғана серік. Ақырында дүниелік байлықтың ешқайсысын өзімізбен бірге алып кете алмаймыз. Сондықтан қазіргі материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шыққан заманда адам өзінің рухани әлемінен ажырап қалмауы керек. Құдай берген жан сұлулығын, адамгершілігін және рухани байлығын сақтай білуі қажет. Өйткені қанша дүние-мүлік жинасақ та, бәрі осы өмірде қалады. Ал біз бұл дүниеден тек өз ісімізбен, рухани болмысымызбен ғана аттанамыз. Сол себепті материалдық байлықтан

ҰЛЫ ӘДЕБИЕТ ӘРҚАШАН ӨЗ ДӘУІРІНЕН ОЗЫҚ ЖҮРЕДІ

бұрын рухани байлықты көбейтуге ұмтылғанымыз жөн. Материалдық игіліктің бәрі өткінші, ал рухани құндылықтар адаммен бірге мәңгілік мәнге ие.

– Сіздің өлеңдеріңізде үнсіздік кейде сөзден де салмақты сезіледі. Ақын үшін айтылмаған сөздің құны айтылған сөзден жоғары болатын сәттер бола ма?

– Әдебиет – ең алдымен уақыт пен ұмытылуға төтеп беретін өнер. Адамдардың бүгін оқыған дүниесін ертең-ақ ұмытып кетуі мүмкін. Сондықтан шығарманың оқырман жадында сақталуы ең маңызды өлшемдердің бірі. Низами, Науаи, Абай сынды ұлы тұлғалардың шығармалары, әдеби мұрасының ғасырлар бойы өмір сүруінің сыры да осында. Олардың идеялары уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қайта тереңірек ашылып, жаңа қырынан таныла түсті. Егер олар жай ғана сөз тізбектегенде, әлдеқашан ұмытылар еді. Бірақ олар сөзді, дыбысты және мағынаны ерекше үйлестіріп, әр сөйлеміне терең ой мен рухани салмақ жүктеді. Сондықтан олардың шығармаларынан бүгінгі күні де жаңа мағына тауып, жаңа қырын ашып келеміз. Нағыз әдебиеттің құндылығы да осында жатыр. Мен де жазғанда осы ұстанымды басшылыққа алуға тырысамын. Себебі шығарма тек бүгінгі оқырман үшін емес, келер ұрпақ үшін де жазылады. Менен кейін оқитын адамдар да мәтіннен терең ой тауып, оның мәнін сезіне алса екен деймін.

– Түркі халықтарының әдебиеті ортақ тамырдан нәр алады. Бірақ бүгінгі жазушылар сол ортақ тамырды тереңдетіп жатыр ма, әлде әрқайсысы өз деңгейінде дамып жүр ме?

– Ұлы әдебиет әрқашан өз дәуірінен озық жүреді. Жоғарыда айтқанымдай, әдебиет заманынан алға шығып, адамзатқа бағыт-бағдар көрсетеді. Көп жағдайда адамдар әдебиеттің айтқан ойына бірден жете бермейді. Кейде оның шынайы мәні екі-үш ғасыр өткен соң ғана то-

лық баяндалады. Меніңше, бүгінгі әдебиет те адамзат ойынан озып тұр. Алайда қазір кітап оқитын адамдардың азаюы әдебиет пен оқырманның арасын алшақтатып жіберді. Сондықтан біз адамдарды әдебиетке жақындатуға, кітап оқуға ынталандыруға күш салуымыз керек. Себебі әдебиетке жақындаған сайын адам да рухани тұрғыдан өсіп, тереңірек ойлай бастайды.

– Қазақ ақын-жазушыларына көзқарасыңыз қалай? Кімдердің шығармашылығын білесіз?..

– Біз Әзірбайжанда «Қазақ поэзиясының антологиясын» және «Түркі әлемі поэзиясының антологиясын» жарыққа шығардық. Соның арқасында көптеген қазақ қаламгерлерін жақсы танимыз. Бұдан бөлек, жыл сайын қазақ әдебиетіне арналған кітаптарды басып шығарамыз. Мысалы, осы жылы Абайдың шығармаларын 7 тілде, нақтырақ әзірбайжан, түрік, қырғыз, қазақ, венгр, түрікмен, ағылшын тілдерінде

суретті кітап етіп шығарамыз. Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына орай «Олжас Сүлейменов Әзірбайжан көзімен» деген арнайы кітап дайындадық. Сауытбек Әбдірахмановтың Әбіш Кекілбаев туралы еңбегін баспаға әзірледік. Асқар Құмыранның ауқымды романын дайындап, жарыққа шығардық. Дархан Қыдырәлінің «Тасқа жазылған тарих» атты ғылыми-тарихи кітабы басып шығарылды. Поэзия бағытында бізде «Жас түркі жазушылары одағы» жұмыс істейді. Ұйым жетекшісі – Интигам Яшар. Ол Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Венгрия, Әзірбайжан және тағы басқа елдің әрқайсысынан 10 жас ақын-жазушыдан таңдап алып, «Түркі әлемі жас поэзиясының антологиясын» дайындап жатыр. Жуық арада бұл жинақ та басылып шығады.

– Қазақстандық қаламгерлердің жазғандарын әзірбайжан, түрік тілдеріне аудару үшін кімдерге жүгінуге болады?

– Бізде қазақ тілін жақсы білетін, поэзияны аудару алатын маман өте көп. Мысалы, Ханым Айдын, Аида Эйвазлы және бұл істі өте жоғары деңгейде атқаратын Ибрагим Хаджиев сияқты аудармашыларды ұсынуға болады. Жалпы, Әзірбайжанда қазақ бауырларымызға деген ықылас өте жоғары. Екі ел арасында тығыз әдеби-мәдени байланыс орнаған, бірге көптеген іс-шара өтіп жатыр. Қазақстанға және оның әдебиетіне арналған кітаптар мен жобалар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

– Сұхбатыңызға рақмет. Қаламгерлер байланысы арта берсін!

Сұхбаттасқан Бейбіт НҰРМҰХАНОВ.

Алматы қаласы

Сурет әлеуметтік желіден алынды



VI. DÜNYA GÖÇEBE OYUNLARI 2026'DA KIRGIZISTAN'DA DÜZENLENİYOR

БІШКЕК / ИССИК-ГӨЛ — Киргиз Cumhuriyeti, 1–6 Eylül 2026 tarihleri arasında geleneksel sporların, etno-kültürün ve göçebe mirasının en büyük uluslararası organizasyonlarından biri olan VI. Dünya Göçebe Oyunları'na ev sahipliği yapmaya hazırlanıyor. Kırız Cumhuriyeti Kültür, Enformasyon ve Gençlik Politikası Bakanlığı, Devlet Beden Eğitimi ve Spor Ajansı ile Dünya Göçebe Oyunları Uluslararası Sekreterliği tarafından onaylanan resmî programa göre organizasyon; başkent Bışkek, Çolpon-Ata şehri ve Kırçın Caylağı başta olmak üzere ülkenin sembolik mekânlarında gerçekleştirilecek. Zengin Spor Programı ve Geleneksel Mücadeleler Oyunları kapsamında Kök Börü Arenası ve Gazprom Spor Kompleksi'nde; kök börü, kökpar, er enğiş (binicilik güreşi), alış, kuraş, Kazak küresi, sambo ve mas güreşi (tayak tartış) gibi çok sayıda geleneksel spor dalında yarışmalar düzenlenecek. Çolpon-Ata Hipodromu'nda nefes kesen Alaman Çabış ve Jorgo Saliş (rahvan) at yarışları sporseverlerle buluşurken, Eurasia Oteli'nde ise Toguz Korgool, Mangala ve Owari gibi geleneksel zekâ oyunlarında turnuvalar düzenlenecek.

Öne Çıkan Etkinlik Merkezleri
Başkent Bışkek: Görkemli Resmî Açılış Töreni
Hasan Eryiğit

ALMATI'DA TÜRKİYE VE NİJERYA Diasporaları Dostluk Maçında Buluştu

ALMATI – Kazakistan'ın Almatı kentinde Türkiye ve Nijerya diasporalarını bir araya getiren Annual Diaspora Football 2026 kapsamında dostluk futbol karşılaşması gerçekleştirildi. Sporun birleştirici gücünü ön plana çıkaran organizasyonda Türkiye ve Nijerya diasporalarının temsilcileri sahada mücadele ederken, karşılaşma büyük bir heyecana sahne oldu. 60 dakika süren mücadele, 6-6'lık beraberlikle tamamlandı. Karşılaşma boyunca iki takım da ortaya koyduğu mücadele ve futbol performansı ile izleyenlere keyifli anlar yaşattı. Maçın sonunda skorun eşit kalması, organizasyonun dostluk ve kardeşlik mesajını güçlendirdi. Spor, Kültür ve Dostluk Aynı Sahada Almatı'da yaşayan farklı ülke vatandaşlarını bir araya getiren organizasyon, futbolun yalnızca sportif bir mücadele olmadığını; farklı kültürler arasında iletişim, dayanışma ve dostluk kurulmasına katkı sağladığını bir kez daha ortaya koydu. Türkiye ve Nijerya diasporalarının buluştuğu etkinlikte, saha içerisindeki rekabetin yanında karşılıklı saygı ve dostluk ön plana çıktı. Türkiye tarafında organizasyona T.C. Almatı Başkonsolosluğu Konsolos Yardımcısı Emre Karabatak katılım sağlarken, Nijerya tarafında ise Richard Agi organizasyona katkı sunan isimler arasında yer aldı. Etkinlik, iki ülke vatandaşlarının Kazakistan'da gerçekleştirdiği sosyal ve kültürel buluşmaların yanı sıra diaspora toplulukları arasındaki ilişkilerin geliştirilmesi açısından da anlamlı bir organizasyon olarak değerlendirildi. Türkiye: 6 – Nijerya: 6 60 dakikalık mücadelenin sonunda kazanan dostluk oldu.



О ЗНАЧЕНИИ ЯСАВИ ДЛЯ ТЮРКСКОГО МИРА



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев определяет Ходжу Ахмеда Ясави как выдающегося мыслителя, одного из главных столпов национальной духовности и духовный ориентир для всего тюркского мира. По мнению главы государства, идеи Ясави заложили основу для непрерывности духовных традиций в Великой степи и гармонично соединили ценности ислама с тюркским мировоззрением.

В своих выступлениях (в частности, на заседаниях Национального курултая и встречах Организации тюркских государств) Токаев выделяет несколько ключевых аспектов значения Ясави:

Духовная опора тюркской интеграции

Объединяющая фигура: Токаев называет Ясави и его мавзолей в Тур-

кестане главным символом духовного единства и авторитетом для всех братских тюркских народов.

Исторический синтез: Наследие мыслителя рассматривается как уникальный фундамент, на котором в эпоху Золотой Орды сформировался прочный синтез тюркского языка, степной культуры и исламских традиций.

Связь с современными ценностями Казахстана
Основа для «Адал азамат»: Президент подчеркивает, что гуманистические идеи Ясави — призывы к добру, честности, справедливости и созиданию — напрямую перекликаются с современными государственными концепциями «Справедливого Казахстана» и формирования честного гражданина.

Культурный код: Сохранение и популяризация трудов мыслителя позиционируются Токаевым как конституционная обязанность и основа национальной идентичности, без которой невозможно построить прогрессивное государство.

Государственные инициативы по продвижению наследия

Чтобы придать новый импульс изучению трудов философа, Токаев инициировал ряд практических шагов:

Учреждение ордена: В 2026 году президент объявил о включении ордена Ходжи Ахмеда Ясави в перечень высших государственных наград. Он вручается отечественным и зарубежным учёным, а также общественным деятелям за вклад в популяризацию культурного наследия (одним из первых этот орден получил президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган).

Институт яссауиведения: Токаев предложил создать профильный на-

учно-исследовательский центр или институт, который будет целенаправленно заниматься изучением его трудов.

Популяризация в массовой культуре: Глава государства поручил активно продвигать философию Ясави не только на научных симпозиумах, но и через современные просветительские проекты, книги и кинематограф.

Уважаемый Аль-Халел Карпык!

Дорогой мастер слова, от всего сердца поздравляю вас с прекрасным 75-летним юбилеем!

Эта солидная дата — символ огромного жизненного и творческого багажа, мудрости и вдохновения. Ваши произведения находят отклик в сердцах тысяч читателей, учат добру, свету и искренности.

Желаю вам крепкого здоровья, бодрости духа и неиссякаемой энергии.

Пусть муза не покидает вас, а каждое новое слово ложится на бумагу легко и точно.

Желаю тепла и уюта в доме, верных друзей, внимания близких и радости в каждом дне.

Пусть ваша жизнь будет наполнена гармонией, а творчество продолжает радовать мир.

Максутхан Жакуп,
казахстанский тюрколог, переводчик, публицист и исследователь



Аль-Халел Карпык, казахстанский (по национальности казах) писатель-идеалист, деятель культуры и общественный деятель.

Автор многотомной серии книг Действенной культурно-просветительской литературы: казахстаника и мир (Дк-пл). Лауреат международных премий – Ясави, Макатаева и ряда других. Академик Академии проскопических наук имени М. Нострадамуса (Франция), профессор филологии и политологии Кыргызско-Казахского университета.

1

632 год нашей эры. Предчувствуя приближение великого события, людское море глухо волновалось, сдержанно шумело перед пророком Аллаха Мухаммедом. Сам он был внешне бесстрастен, одухотворённое лицо — болезненно-бледное, глаза опущены. Но вот основатель мировой религии — ислама — поднял утомлённый взор, правую руку. Толпа замерла, умолкла, в мёртвой тишине внимая Божьему человеку.

— Правоверные, подошли к концу мои дни среди вас. Всевышний призывает меня. Прощаясь, спрашиваю, кто примет аманат — символ нашей веры и продолжит моё дело? Голос Мухаммеда устал и тих. Глашатаи громко повторяют его слова огромной напряжённо колышущейся людской массе, замершей в оцепенении и безмолвии. Нарушили тишину лишь два голоса: громкий молодой «Я приму!» и тихий старческий «Позволь мне, пресветлый Пророк».

Мухаммед подозвал вызвавшихся — престарелого святого Арыстан-бабу и молодого имама Али. Священник бойко выступил вперёд. Поблёскивая карими глазами, смотрел в упор на прославленного Посланника Вседержителя: «Доверь аманат мне». — «Почему хочешь взять, о, юноша?» — «Я не знал и не знаю ничего, кроме нашей веры — ислама» — «Хорошо. Ну, а ты, почтенный старец?» — «Я познал существующие религии, но остановил выбор на исламе; и ещё, я прожил громадную жизнь, постиг её и людей». Посланник остановился на старике: «Ладно. Я отдам символ веры тебе, святой человек. Ибо, вижу, за плечами у тебя праведно прожитые годы. Устоял перед множеством соблазнов и искушений. Изучив религии, остановился на нашей и теперь никто не сумеет столкнуть тебя с праведного

ЯСАВИ И ЭМИР ТИМУР или как святой победил завоевателя

Документально-фантастическая новелла реальные факты первичны, а фантастика — лишь обрамление (выжимка из одноимённого романа)

Настоящее произведение необычно по жанру и композиции. Начинается строго, как документальное повествование о известных святом Ходже Ахмеду Ясави и правителе Тамерлане (Амире Тимуре, Железном Хромце, Аксаке Тимуре). И тут же переходит в вольное романически-романтическое сказание о Нуrolле и Кара-батыре, собирательных и во многом выдуманных мною образах казахских (тюркских) — праведника и властителя, напоминающих Ясави и Тамерлана, но не совпадающих полностью с ними ни характерами, ни фактами биографии. А закончится оно, опять-таки, конкретикой — Ходжой Ахмедом и Амиром Тимуром.

«Зигзаги» вызваны отнюдь не желанием автора блеснуть оригинальностью, как может показаться на первый, поверхностный либо предубеждённый взгляд. Переходы от действительного к фантазийному и обратно обусловлены глубокой мыслью и соответствующим её художественным выражением, которые я приготовил в качестве занимательно-радующего загадки-подарка для элиты — наиболее развитых вдумчивых и мудрых своих читателей. А таковые у меня есть, и я этим горд и счастлив! Ну, а растущие книжечки да растут, продолжают успешно расти, пока не dorастут до уровня элитных — а пока что пусть читают роман и дивятся «писательскому причудливому воображению». Да, меня уже успели упрекнуть за «литераторскую буйную фантазию», побудив оправдаться: «В основе своего творчества я всё-таки писатель-мемуарист, словесник-документалист».

пути». — «Я тоже уверен в этом, Пророк». — «Что ж, прими аманат».

Людское море, доселе безмолвствовавшее, вновь пришло в движение, загудело, заколыхалось; кто-то что-то горячо доказывал, кто-то зарыдал, кто-то спокойно обсуждал случившееся, а кто-то и ещё некто... Люди разные...

... Хорошо, Арыстан-баба получил аманат. Но ведь рано или поздно он тоже должен будет кому-то передать его. Да...

В 1336 году в городке Сайрам (в южной оконечности будущего Казахстана) родился мальчик, которого в своё время назовут Хазрет-султаном — Ходжа Ахмед Ясави...

...Солнце стояло в зените. Ясы, над бескрайней степью мягко струилось знойное море. По ней тяжело уверенно ступал седобородый старец. Шаг стремящегося навстречу мальчика был лёгок и тоже уверен. Когда старый и малый сошлись, второй почтительно отдал приветствие, первый — принял. Расспросил юного встречного, кто и откуда. «Ахмед из Яса». — «Сколько лет?» — «Семь». — «Что делал один в безлюдье?» — «Вас искал». Арыстан-баба удивился. Пытливо разглядывал отрока, облик коего дышал добротой и кротостью: «Что хотел?» — «У меня к вам две просьбы». — «Излагай по порядку». — «Благодарю. Первая — прошу вас стать моим духовным учителем». — «Вторая?» — «Передать аманат мне». — «Что-о?!» — «Подошло моё время принять символ веры».

Многих видел Арыстан-баба на своём веку, многое слышал. Трудно было удивить. Однако черноволосый малец с ясным мягким взором удивил мудреца. Арыстан-баба ответил не сразу, глубоко задумался. Да, он ревностно продолжал дело Пророка, приблизив множество людей к Аллаху и исламу. И вот... Надо же! Лучащиеся спокойным светом глаза мальчика доверчиво светло смотрели патриарху в глаза в ожидании ответа. И тот произнёс: «Да, я стану твоим духовным учителем и передам тебе символ нашей веры — аманат»...

...А в 1336 году на свет появился будущий повелитель-завоеватель, которого искушенные звездочёты назовут Сахиб Кираном — Властителем семи созвездий, Властителем счастливых созвездий, родители — Тиму-

ром, а союзники и враги — Амиром Тимуром, Аксаком Тимуром, Железным Хромцом, Тамерланом.

2

В 1103 году в Сайраме (неподалеку от нынешнего казахского Шымкента) немолодая уже супружеская чета, Ибраи и Карима, ждала ребёнка. За девять дней до его появления на свет к мужу и жене навела вестунья Майрам. Радостная и взволнованная, с порога заявила: «Готовьтесь к празднику. Грядёт чудное. Во сне мне было видение. Ваш дом озарило сияние. Вскоре родится у вас мальчик, да не простой...»

Младенца с кротким, ясным обликом назвали Нуrolлой (Нуrolла — Свет Аллаха, Сияние Всевышнего). И с ранних лет, с самого начала воспитания, набожные родители стали ставить ему в пример пророка Мухаммеда и святого Ясави, особенно — второго. И что характерно, Нуrolла стал со временем заметно напоминать ходжу Ахмеда (впрочем, не будем забегать вперёд).

1336 год нашей эры. К местному правителю, очень богатому беку, просилась на приём ясновидица. Её долго не допускали под его суровые очи, хотя клялась-божилась: «Сообщу очень важную вестуню». Наконец, настырную просительницу пропустили. Упав перед властителем на колени, гадалка долго униженно извинялась за дерзкое нарушение покоя. Знаком повелев оставить их вдвоём, властелин дозволил посетительнице встать и говорить. Та начала, страшно волнуясь или искусно разыгрывая смятение:

— О, повелитель правоверных! Вели отрубить голову, но языка не отрезай. Меня привела забота о твоём преуспеянии...

— Предсказательница, тебя никто пальцем не тронет, коли сообщение подтвердится.

— О, властитель, гадание показывает — на днях женщина, в ауле Кербулак, родит ребёнка: возмужав, он начнёт претендовать на власть...

При главном для него слове «власть», кустистые чёрные брови, низко сидящие над чёрными сумрачными глазами, опустились ещё ниже, угрожающе прикрыв их, жёсткий рот превращается в узкую белую полоску: «Назови имя и точное место её пребывания!» Провидица вновь пала на колени, понизив голос, проговорила требуемое. По резкому мановению тыльной стороны

ладони владыки, отодвинулась. Ловко подхватила брошенный кошель с деньгами.

Той же ночью к указанному селу, приблизились вооружённые всадники в тёмном, спешили у нужного дома, толкнули дверь. Зловещими чёрными тенями проникли внутрь. И точно, на ложе находилась женщина на сносях. Каратель выхватил из ножен саблю. Роженица, заведя опасность, в ужасе пыталась защитить руками живот... Убийцы выбрались наружу. Отъехали, удалились. Живущая по соседству младшая сестра роженицы услышала её отчаянно-жалобный крик, дробный перестук копыт, конское ржание, отрывистые мужские возгласы. Чужая недоброе, выскользнула на двор. Заметила чёрные тени скачущих прочь. Заспешила. Застала сестру в луже тёплой крови, без сознания. Крича от ужаса и сострадания, извлекла из распоротого чрева младенца, мальчика, истощенно вопящего, раненного в правую руку и ногу.

Мальчика, которого не тёплые мягкие женские руки приняли в урочный час, а вынудила выйти на свет раньше срока злой тёмной ночью холодная жестокая сталь, назовут Кара-бала (Чёрный ребёнок — родился очень смуглым, к тому же сумрачного нрава — кара-чёрный и крепкий — явно будущий батыр, богатырь), в последующем — Кара-батыром (звание и отличие за большие военные заслуги; крупный военачальник, старшина). Другое имя вряд ли подошло бы мальчугану, который познакомился с отнюдь не ласковым металлом, ещё до рождения и всю жизнь будет иметь дело с саблями — своими и вражескими. Что ж, такого воинственного силача казах Кара-батыра можно было не любить, но трудно — не почитать и не повиноваться. Тех, кто не желал этого, Кара-батыр, «позванный» на этот свет посредством чужой сабли, отправлял — на тот, с помощью — своей. Впрочем, не будем забегать вперёд.

Помыв зашедшегося в крике младенца и перевязав руку и ногу, тётя спеленала, покормила, убаюкала. Родственники отпели и обмыли усопшую, подготовили к тайным похоронам. И в следующую ночь снесли на кладбище, похоронили. Ребёнка Зульфия решила пока что содержать сама, объявив отданным на воспитание дальним родственником. Так ведь часто делалось и делается по сию пору на мусульманском Востоке и особенно — в тюркском мире. А конкретнее — в казахском роду.

(Продолжение следует)



ПОЭЗИЯНЫҢ ТАБИҒАТЫ ҚЫЗЫҚ. КЕЙДЕ ОЛ ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРЕТІН ДАУЫЛ БОЛЫП КЕЛЕДІ. КЕЙДЕ ТҮҮ АЛЫСТАН ЕМІС-ЕМІС ЕСТІЛЕТІН СЫБДЫР СЕКІЛДІ ЕШКІМГЕ БАЙҚАЛМАЙДЫ. БІР АҚЫН СӨЗБЕН ЗАМАНДЫ СӨЙЛЕТСЕ, ЕНДІ БІРІ БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ СЕЗІМІН ӨЗ ЖЫРЫНА АРҚАУ ЕТЕДІ. АҚГҮЛ АЙДАРБЕКОВАНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНЕН МЕН ОСЫ ЕКІНШІ ҚАСИЕТТІ КӨРЕМІН. ЖЫРЛАРЫНДА БОРКЕМІКТЕНУДЕН ГӨРІ ІШКІ ТОЛҒАНЫС, ТАБИФИЛЫҚ, ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ШЫНАЙЫЛЫҚ БАСЫМ.

Сондықтан Ақгүл поэзиясын бір ғана «махаббат жыры» деп қабылдау аздық етеді. Оқырманға ұсынған туындыларындағы махаббат белгілі бір адамға деген сезімнен әлдеқайда кең ұғым сыяды. Ол өмірге деген іңкәрлік, өз болмысын іздеу, жалғыздық пен арпалыстан құралады. Замандас ақынның нәзік әлемінің ар жағында осындай қайшылықты, тіпті өзімен-өзі тайталасқан мінезді байқауға болады. Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұратхан Шоқан Ақгүлдің алғашқы өлеңдерін көргендегі байламы осыны аңғартады. Ақын қыздың «жан тазалығы, жырға адал махаббаты» көзінен көрінгенін айтады. Бұл кез келген ақын үшін маңызды сипат. Себебі өлеңді техникалық тұрғыдан үйренуге болады. Ұйқас пен буынды меңгеру әдебиетті иектеп жүрген, ынта мен талабын қатар ұштағандар үшін аса қиын болмасы белгілі. Бірақ өлеңге адалдықты қолдан жасап шығару мүмкін емес. Ақгүлдің шығармашылығындағы ең басты артықшылықтың бірі де осында.

Оның «Мөлдір сезім» атты өлеңінің өзінде-ақ ақындық табиғаты анық байқалады. Өлеңнің алғашқы жолдарына зер салсақ:

«Менің мөлдір сезімімдей дәл қазір,

Алматыға жауса екен аппақ қар!» – деген тілек жай ғана көркем теңеу емес. Мұнда ішкі әлем мен сыртқы табиғаттың арасында нәзік байланыс орнайды. Автор (Ақгүл) өзінің сезімін қардың тазалығына, кіршіксіз ақ түсіне телиді. Ішкі көңілдің күйін табиғат құбылысына көшіру – әлем поэзиясында ежелден бар көркемдік тәсіл. Мұндай табиғат пен сезімді сабақтастыруды жапонның ұлы ақыны Басё Мацуо поэзиясынан да кездестіреміз. Басё үшін табиғат адамның сыртындағы

маңызды парадокс бар. Өмірде әлсіз болуға, махаббатта әлсіздік танытуға болады. Алайда өлеңнің алдында ақын әлсіз болмауы керек. Себебі өлең – адамның ішкі күйін көрсететін ғана емес, сол іштегі жай тасындай қайнап жатқан құбылысты сөзге айналдырып, өнер дәрежесіне көтеретін кеңістік.

Ал Ақгүл Айдарбекқызының екінші өлеңінде лирикалық әлем басқаша кейіпте өзгереді. Мұнда жеке сезімнің орнына тіршілік қамы, тағдырмен тайталас, қоғамның салмағы, рухани жалғыздық араласады:

«Жанталасып күн кешем,

рын сақтап тұрған ішкі кеңістіктің түсі. Жадыра Байбұланова Ақгүлдің жырларындағы сыршыл сезімге, ерекше еркелікке, сүйкімді назға назар аударады. Бірақ өлеңдерінен тек нәзік назды емес, азаматтық үннің де бұр жарып келе жатқанын көруге болады.

«Ұйқыдан азан даусын естіп тұрам, Ана зарын естісем қайтер едім?» – деген жолдар жеке сезімнен қоғамдық, адамзаттық сезімге қарай жасалған қадам. Демек, Ақгүлдің ақындығының қызығы да осында. Бір ғана қалыпта қалмайды. Махаббаттан тағдырға, тағдырдан қоғамға,

Ол гүлден де нәзік

(Ақгүл Айдарбекованың поэзиясы туралы әдеби толғаныс)

дүние емес, жан дүниесін танудың бір жолы. Ал Ақгүлде қар, түн, көктем, жаңбыр секілді табиғи образдар пенденің өз жүрегіне, ішкі әлеміне үңілетін айна іспетті. Оның әлемінде қар – тазалық, түн – мұң, көктем – әлсіздікке ерік беру, жаңбыр – көз жасының табиғи жалғасы. Ақгүлдің сезімін бірқалыпты деп шолақ пікір айту қателік болар. Ол сілтідей тынып жатқан үнсіздіктің ішінде арпалыс бар екенін өлеңінде байқатады:

«Сізді мүлде жек көремін
дей салдым,
Сүйемін ғой дей жаздап...»

Осы екі жолдың арасында тұтас бір адамның психологиясы тұр. Сүйген адам кейде өз сезімінен қорғану үшін керісінше сөйлейді. «Жек көремін» деп тұрып, «сүйемін» деген сөздің табалдырығында қалу – адамның ішкі қайшылығын дәл береді. Мұнда жасандылық жоқ. Ақын сезімін әдемілеп көрсетуге тырыспайды, қайта осалдығын да, күлкілілеу тұсын да, ұяндығын да бірге алып шығады. Бұл жағынан Ақгүлдің лирикалық кейіпкері әлем әдебиетіндегі нәзік сыршыл ақындардың табиғатына жақын. Мәселен, француз ақыны Поль Верлен поэзиясында сезімнің анық шекарасы болмайды. Қуаныш пен мұң, махаббат пен жалғыздық бір-бірімен астасып, қабысып жатады. Ал Ақгүлдің жырларында да сезім осындай байланыста өмір сүреді. Нақты жауаптан гөрі сол жауапқа жетер жолдағы талпынысты суреттейді. «Мөлдір сезім» өлеңінің соңғы шумағында:

«Бөлкім бұлай болуына бөрінің,
Ақындығым кінәлі...» деген жолдар да кездейсоқ түйін емес. Ақын өз басындағы сезімдік күйді ақындық болмысымен байланыстырады. Яғни өзгелер үшін қалыпты көрінетін нәрсе шайыр үшін әлдеқайда терең қабылданады. Қарапайым адамдар мән бермейтін сөздер ақын үшін түні бойы ойланатын сауалға айналуы мүмкін. Бір сәттік көзқарас – тұтас өлеңнің себебі болуы ықтимал.

Ақгүлдің әдебиеттегі шығармашылығын жақсы түсінген Мұратхан Шоқан оған «жырда әлсіздік танытпа» деп тілек айтады. Осы тұста өте

Мың теңге үшін,
Әр күнім күрес,
Үміт...»

Жоғарыдағы жолдардан кейін Ақгүл поэзиясын тек «нәзік қыздың махаббат лирикасы» деп атаудың өзі орынсыз көрінеді. Себебі нәзіктігінің астарында өмірмен күресетін мінез бар. Өлеңнің ең қуатты тұсы – ақынның өзін-өзі жоққа шығарып барып, қайтадан өз күшін мойындауы.

«Сонда да біліп жүрсін барлық адам,

Ғаламды төңкеруге шамам барын!» – деп жар салады. Міне, Ақгүлдің шығармашылық қуатындағы немесе поэзиясындағы негізгі қайшылық осы жерде жатыр. Ол бір мезетте әлсіз әрі мықты. Жылайды, қарсы тұрады. Өзін жамандайды, өзінің ғаламды төңкеруге шамасы жететінін сезеді. Бұл жас адамның ғана емес, жалпы шығармашылық тұлғаның табиғи күйі. Осы тұста Ақгүлдің поэзиясын америкалық ақын Сильвия Платтың ішкі драматизмімен салыстыруға болады. Плат поэзиясында да адамның өзін-өзі тануы, ішкі қысым, қоғам мен жеке тұлға арасындағы тартыс өткір сезіледі. Әрине, екі ақынның өмірлік тәжірибесі мен көркемдік табиғаты бірдей емес. Дегенмен екеуіне ортақ бір сипат бар: өлең – сыртқы әлемнен қашатын орын емес, керісінше, сол әлеммен бетпе-бет келетін кеңістік. Екінші өлеңдегі «айнадағы мен емес, сағы сынған» деген образ да осы ішкі драманы күшейтеді. Айна – әдебиеттегі ең көне символдардың бірі. Адамның сыртқы бейнесін ғана емес, өзіне-өзі қарау қабілетін білдіреді. Ақын айнадан өзін көргенімен, көрген бейнесін қабылдай алмайды. Себебі адамның ішкі күйі мен сыртқы тұлғасы екі бөлек әлемге айналған.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Жадыра Байбұланованың Ақгүл туралы пікірінде айтылатын «өзіне ғана тән әдемі аппақ әлем» деген анықтама өте дәл айтылғандай. Ақын қыздың поэзиясында ақ түс жиі кездеседі: ақ қар, аппақ әлем, тазалық, мөлдір сезім. Бірақ ақ түс қуаныштың ғана түсі емес. Кейде адамның ешкімге айта алмаған сы-

қоғамнан қайтадан адам жүрегіне оралады. Ұлы поэзия көбіне жайлы өмірден емес, адамның ішкі сұрақтарынан туады. Федерико Гарсиа Лорка, Анна Ахматова, Сильвия Плат, Эмили Дикинсон секілді әлем ақындарының шығармашылығында да адамның ішкі жалғыздығы мен өмірдің салмағы поэзиялық қуатқа айналған. Олар ауыртпалықты жасырып қалмай, оны сөздің көркемдігіне айналдырды. Ақгүл де сол жолдың алғашқы сұрлеуіне түскен тәрізді. Ол әзірге үлкен әлемнің барлық сырын ұғынған, тылсымын шешкен, құпиясын ашқан әдебиеттің өкілі емес. Бірақ ең маңызды қасиеті өзін ақын ретінде көрсетпеуі. Ақгүл ізденеді, күмәнданады, қателеседі, қайта жазады, өзіне сұрақ қояды. Мұратхан Шоқанның «көз алдымда қаз-қаз басып өсті» деуі де осы шығармашылық қалыптасу үдерісін дәл сипаттайды. Поэзия – мәреге жететін жол емес. Ақын бір өлеңімен биікке көтерілуі мүмкін. Алайда келесі өлеңінде қайтадан өзінің сол биік тұғырда екенін дәлелдеуге мәжбүр. Сондықтан Ақгүлдің алдында үлкен жол жатыр. Ол жолда мақтау да, сын да, түсінбеушілік те кездеседі. Өйткені Ақгүл Айдарбекқызы жырының өзегінде тазалық бар. Мүмкін, поэзиясын дәл қазір толық бағалап, болашақтағы биігін кесіп айту ерте шығар. Бірақ бір нәрсе анық, жырларында шынайылық бар. Әдебиеттегі ең үлкен капиталдың бірі – шынайылық. Уақыт өте келе техника жетіледі, сөздік қор толығады, дүниетаным тереңдейді.

Ол гүлден де нәзік көрінуі мүмкін. Бірақ сол нәзіктіктің ішінде ғаламды төңкеруге ұмтылған қуат бар. Бір жағында аппақ қарға ұқсайтын мөлдір сезім, екінші жағында тағдырдың тепкісіне қарсы тұрған қайсар жүрек бар. Ақынның болашақ жолы осы екі қасиетті – нәзіктік пен қайсарлықты қатар алып жүргенде айрықша болмақ. Шынайы поэзияның күші – адамның жүрегіне байқатпай кіріп, сол жерде ұзақ уақыт сақталуында жатыр.

Бейбіт НҰРМҰХАНОВ.
Жазушы-журналист

ул Полежаева 92а/4
+7 7788737927

TANTUNI CAFE 33 FISH & MEAT

+7(707) 766 57 19
cafe33.almaty

г.Алматы, Абылай Хана 68

PIZZA N PIZZA

ГОТОВИМ ЗА 10 МИНУТ

ДОСТАВКА

ул. Аскарова, 2/1 | Ремизовка, Байшешек, 2/1 | ул. Оспанова, 59
+7 776 606 2373 | +7 705 422 0999 | +7 701 034 2002

CHECK-UP

КОМПЛЕКСНОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ ОРГАНИЗМА

- ✓ Консультации врачей
- ✓ Лабораторные анализы
- ✓ УЗИ и функциональная диагностика

DIRECT BILLING

Работаем по системе прямых расчётов со страховыми компаниями

Allianz Care | cigna healthcare | Bupa

+7 (775) 740 14 05
+7 (708) 290 26 58
info@reactiveclinic.kz
Гоголя 95/70, Алматы, Казахстан

Instagram: @reactive_clinic
веб-сайт: reactiveclinic.kz

AST CONSTRUCTION

METAL KONSTRÜKSİYONLAR VE ÜNİVERSAL YAPILAR / МЕТАЛЛОКОНСТРУКЦИИ И УНИВЕРСАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ

Çelik Karkas Yapılar
Стальные каркасные здания

Cam Kanopiler ve Girişler
Стеклянные козырьки и входы

Endüstriyel Hangarlar
Промышленные ангары

Ana Hizmetler:

- Metal Konstrüksiyonlar,
- Üniversal Yapılar,
- Ferforje,
- Cephe Sistemleri,
- Çelik Binalar,
- Sanayi Tesisleri

Основные услуги:

- Металлоконструкции,
- Универсальные сооружения,
- Кованые изделия,
- Фасадные системы,
- Стальные здания,
- Промышленные объекты

İLETİŞİM / КОНТАКТЫ

e-posta: too_astmetal@mail.ru
e-mail: too_astmetal@mail.ru

+77750698177

Adres: Seyfullina Caddesi, Bina 410/78, Daire/iş Yeri 4, Posta Kodu 050016, Almaty, Kazakistan
Адрес: Проспект Сейфуллина, дом 410/78, н.п. 4, почтовый индекс 050016, Алматы, Казахстан

Т. ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «ТАЛТҮС» ЖЕТІМ БАЛАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Т.Әсемқұловтың «Талтүс» романы – қазақ даласында күй өнері мен күйшілерді жаңғыртуға тырысатын, күйлердің тарихын, орындалу жүйесін, дәстүрлі музыкалық терминді зерттейтін шығарма. Алайда автордың өзі айтқандай, роман адамзаттық деңгейдегі бірнеше мәселелерді қозғайды. Оның ең маңыздысы – романдағы бас кейіпкер Әжігерейдің жетімдігі. Әжігерейдің жетімдігі – физикалық қана жетімдік емес, рухани және экзистенциалды жетімдік. Әлем әдебиетінде жетімдік тақырыбы – ең көне тақырыптардың бірі. «Библиядан» басталып «Квасимодо», одан қалды Ф.Достоевскийдің «Жасөспіріміне» дейін жалғасатын туындылар адамзат санасында когнитивтік тепе-теңдікті орнатуда. Ал қазақ әдебиетінде Әжігерей секілді жетім балалар көп. М.Омарханұлының «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Көксерегі», С.Мұратбековтың «Жабайы Алмасы», «Жусан иісі», «Жанболаты», О.Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз аты», Д.Исабековтың «Бекеті», «Сүйекшісі», т.с.с. Бұл жетімдерден Әжігерейдің айырмашылығы өзін өнерден іздеп жолға шыққаны еді.

Жалпы жетімдік ұғымы адамзатқа тән. Бірақ оны кім, қалай көтереді, түсінеді, соған байланысты. Кейіпкер жетімдігін экзистенциалдық трансценденцияға айналдырды, сырын күйге ашты, күйшілік өнерді жанына серік етті, қуанышын да, қайғысын да, өкпе-ренішін де домбыра шанағымен сөйлетті. Нақтыласақ, романның алғашқы сөйлемдерінен бастап Әжігерей жетімдіктің ащы дәмін татады. «Бақытты балалық шақ деген сөздің мағынасын ешқашан байыптаған емес. Тіпті балалық шақ болып па еді, есіне түсіре алмайды». Бұл жолдар Әжігерей тағдырынан сыр шертеді. Әуелден өгей шешесі Құлбағиланың қолынан күніне бірнеше мәрте таяқ жеп, итаяқтан су ішіп, «қорғасындай ауыр көзқарасынан» сескеніп өмір сүреді. Күй өнерінің киесін арқалап жүрген жас балаға өгей шешенің қорлық көрсетуі – өлім туралы ойларға да жетелейді. Осы сәтте бала мен табиғат арасындағы параллелизм шебер суреттелген. Ол өлім мен өмір арасындағы арпалыста жүріп, жарыққа қарай ұмтылады, Жер Анадан күш-қуатын жинайды. Кемеңгер табиғатпен тілдесіп, тіршілік берген Құдай басқасын да беретінін жақсы түсінеді. Көсеге сияқты өмірге сорың қалың болып келіп, тіршілікке бауыр басып үлгермей жатып, өмірден өтудің азабынан сескенеді. Ақырында Сабыт ақсақалға өгей шешесінен күқай көріп жүргенін айтады. Сабыт ақсақал балаға зорлық көрсеткені үшін қатты күйініп, Құлбағиланы сабай жөнеледі. Дәл солай зорлықты зорлықпен тыйғысы келеді. Құлбағила ауылына кетеді. Бірақ аз уақыт өткен соң Құлбағила қайта келіп, Әжігерейге мейірімділік таныта бастайды. Осы сәтте Әжігерейдің бойында туған анасымен қауышқандай ерекше қуаныш сезімі жүріп өтеді. Бірақ, көп ұзамай Әжігерей артына қарағанда апасының тісі ақсипып, қорқынышты кейіпке айналып кеткенін аңғарамыз. Демек, кейіпкер санасында өгей шешеге деген қорқыныш мифтік мыстан бейнесін оятып, мифопоэтикалық тұрғыда репрезентацияланады. Осыдан-ақ, жетім баланың көрер азабы алда екенін болжаймыз.

Осы ретте айта кету керек, Құлбағиланың өзі де тағдырлы кейіпкер. Шығарма соңына қарай автор Әжігерей апасының қатігез болмысының қалыптасу себептерін біртіндеп ашады. Ол 10 жасында ақтың әскерлері үй ішін түгелімен қырып кеткенін өз көзімен көрген. 10 жастағы балаға ең аяулы адамдарының қанға бөгіп, аса қатыгездікпен өліп жатқанын көру – жан дүниесінде мәңгілік жазылмас жара қалдырады. Бала бейсанасында өлімді ерте тану феномені оянып, жетімдік архетипі белсендіріледі. «Бала жаны – мөлдір әйнек іспеттес. Оған түскен әрбір сәуле – мәңгілік із қалдырады». Оның қатігездігінің, қатандығының артында өткен өмірінің көріністері менмұндайды. Осылайша, Құлбағила да жетім қалған. Бұл – Д.Риццоллатидің «Айна» теориясына сәйкеседі. «Бір адам екінші адамның бойынан өзі сезінген эмоцияларды сезінсе, әрекетін өзіне ұқсатса, бұрынғы күйді бастан өткергендей болады». Сәйкесінше, Әжігерейдің бойындағы жетімге тән әрекеттері мен қылықтары Құлбағиланың жан-жарақаттарын қозғап жіберген. Бұл Құлбағиланың бойында ашушандық мінез-құлқын туғызып, күш көрсетуге үйірсектікті қалыптастырады.

Бақсақ, Сабыт ақсақал Құлбағилаға, Құлбағила Әжігерейге зорлық көрсетеді. Бұл әрекеттер ашаршылық, бодандық, соғысты бастан кешкен қазақ ауылдарының адамдарында бейсаналы түрде жүріп жатады. Ал Әжігерейдің жетімдігіне әлімжеттік қосылып, жан жарақаттарын тереңдетіп жібереді. Атап айтсақ, кейіпкердің физикалық, психологиялық және экзистенциалдық жетімдігі бала бойындағы ішкі «меннің» бөлшектенуіне әкеледі. Әдетте адам бойын физикалық немесе рухани аштық бойлап алғанда моральдық тұлғалары, ішкі дүниесі, кісілік салттары түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырады. Негізгі қалыбы, құрылымы бұзылады. Нәтижесінде, бірнеше «мен» адам бойында адам айтса нанғысыз күреске түседі.

Бірі – тамырынан ажыраған, белгісіздікте өмір сүріп жүрген бала бейнесі. Ең қиын дүние – ата-анасыз өсу, бірақ одан да ауыры қайдан тамырлағанынан хабарсыз болу. Әжігерей де әңгіме арасында абайсызда «апа» деп жүргені өз анасы емес екенін естіп қалады. «Ата» деп жүргені әке емес. Сонда анасы кім, әкесі кім, Әжігерейдің өзі кім? Құлбағила қанша жерден таяқтаса да «анам ғой» деген ой тыныштық тапқызатын. Ал енді аталған оқиға бала бойында бостық сезімін тудырып қана қоймай, оқырмандарды да ойлантады. Осы сәттен бастап, кейіпкердің өзіне және айналасына сенімсіздігі үңірейе түседі. Қысқа-қысқа диалогтар. Көпшілік ортада тұйықталып қалу. Өзінің жетім екенін білдірмеуге тырысып, кезіккен адамдармен жадырап сөйлесу. Өлімнен қорықпау. Домбыра құлағында жылдар бойы ойнаса да, сыныбына күйшілік өнері бар екенін білдірмеу. Жарыққа шығуға ұмтылмау. Кейіннен «Қандай ғажап күйшісің», «сабақты да 5-ке оқысың» деген секілді сөздерден өзін құрап алуға тырысу. Осы аталған әрекеттердің барлығы бала санасында экзистенциалдық жалғыздық күйі жүріп жатқанының дәлелі еді. Жүсіпбек Аймауытовша айтсақ, ата-анасының кім екенін, қайдан шыққанын, немен айналысқанын білмей өскен балада ішкі тірек болмайды. Ал ішкі тірек дегеніміз не? Ол не үшін керек? А.Құнанбайұлы «ішкі тіректі» ақыл, қайрат, жүрек деп білсе, Ш.Құдайбердіұлы ар ілімі екенін алға тартады. К.Роджерс «Әр адамның жан дүниесінде өсуге, жетілдіруге ұмтылдыратын ядросы болады» дейді. Демек, ішкі тірек – адамның құндылықтары мен мақсатын қалыптастыратын, болашақта табысқа жетуге ұмтылдыратын, жанға тыныштық сыйлайтын әлдеқандай күш.

Сондықтан болар, Әжігерей жанарына үңілген әр ер адамнан «әке»,



1-сурет – «Жеті жетім» атты қаламгерлер, құрдастар тобы

балам деп басынан сипағаннан «ана» іздеп тұрады. Кейде көшеде кетіп бара жатқан жүзі жылы әйелді көре қалса, «бәлкім, осы анам шығар» деген ой жылт ете қалады. Жанынан өте шыққанда өмірге деген өкпе-наласы қайтадан оянып, жанын отқа салады. Өзін ешқашан «толық адам» сезінбейді. Осы ретте шығармадан түс символикасын да бірнеше мәрте аңғара аламыз. Әдетте түске сену, түстен алған әсерлерімен тояттану – баланың тағы да ішті тіректі қалыптастыру жолы. Романның басында, ортасында және аяғында Әжігерей әлдебір мейірімді адамның бейнесін түсінде көреді. «Әлдебір мейірімді адам... кім екені белгісіз... айтауір, мейірімді екенін біледі... Қолынан нық ұстап жетелеп келеді. Жол иісі аңқыған қаншама, өзен-көлдер». Жұпар аңқыған жолда жан дүниесі мейірімге тұнып тұрған әлдебір адамның жетелеп келе жатуы анасы болуы мүмкін деп болжаймыз. Себебі, мейірімді адам десе, есімізге ең әуелі ананың махаббатқа толы жүрегі түсетіні белгілі. «Әлдебір жақта туған анам өмір сүріп жатыр» деген ой Әжігерейдің санасынан бір сәтке де өшкен емес. Бәлкім, дәл осындай түс көру себебі де бейсанасында орныққан ақпараттардан болуы мүмкін. Ал екінші мағынасы ретінде атасы Сабыт ақсақалды да алуға болады. Сабыт – әкенің де, ананың да орнын басқан, күйшілік өнерге қолынан тартып, жетелеп келе жатқан жебеушісі іспеттес. Одан бөлек, Әжігерей дастарқан басында Иләпі туралы айтылғанда да төбеден үш періштенің ұшып өткенін сезінеді. Жетім баланың «ішті тірек» іздеу жолындағы қиялы қияларға бастайды...

Екінші «мен» – өзін табуға ұмтылған, күйшілік өнермен айналысатын, ақылы толысқан болашағы жарқын азамат бейнесі. Шығармада Әжігерейдің ойлау жүйесімен барланатын оқиғалар ретіне бойлау арқылы жетім баланың болашағына сеніммен қарай аламыз. Ол әр күйдің тарихын білуге ұмтылып, күйшілермен терең сұхбаттар құрып, күй қағыстарын үйренеді. Тіпті жаңа күй шығаруға бейімделеді. Көненің көзі саналатын Сәруар қарттан жаңа күйлер үйреніп, ауылына дейін іздеп барады. Одан бөлек, мектептің аядай ғана кітапханасынан өз жасына сай емес, ересектердің өзі бірнеше мәрте қайталап оқығанда әрең түсінетін Эмиль Золяның «Жерминалын», Жеромскийдің «Евасын» оқиды. Дастарқан басында Сабыт ақсақалдың айтқан әңгімелерін жадына жазып алады. Одан өзіндік ойын қалыптастырады. Мектепте де үздік оқуға тырысады. Тіпті ұлдармен төбелесте де жеңіп шыққысы келеді. Мұның барлығының артында «маған біреу жылы сөзін арнаса екен», «мейірім көрсетсе екен» деген қалау, тілек жатыр. Кейіпкер қай «менді» көбірек қоректендірсе, сол «мен» Әжігерейдің болмысын құрап шығарады. Себебі, өмірдің мәні конструктивті ғылымнан тұрады. Адам дүниеге келгеннен анасынан, әкесінен, ата-әжесінен, туғандарынан, айналасы, дос-жаранынан, олардың ойлары мен сөздерінен, қызығушылықтарынан құралады. Бұл романда да Әжігерей өзінің жетім екеніне іштей қынжылса да ондай «көлеңкелі түсын» көпшіліктен жасыруға тырысады, позитивті ойлау дағдысын қалыптастырады. Бәлкім, Әжігерей Құлбағиладан қорлық көріп жүрген шағында көп түңіліп, ертеңіне өкінішпен қараса, өз-өзін қамшыламаса, одан дарынды күй шығар ма еді, шықпас па еді, кім білсін?!

Үшіншісі – қорқыныштарынан құралған, ішкі сезімдерін толық танымайтын, бәрін үнсіз көтеретін «мен». Шығарманың аяғына қарай Сабыт ақсақал өмірден өтеді. Сабыт – дүниеге келе салып, бауырына басқан, бар жылы-жұмсақты аузына салған, «балам» деп еркелетіп, кісілік салттарды бойға дарытқан «әке» орнын толықтырған адам. Әйткенмен, автор Сабыт

келместің қайығына мініп кете барғанда да аталап боздамайды, қыстығып жылап та алмайды. Жан дүниесінде жүріп өткен алапат күй ашылмай қалады. Оған себеп – жаны жарақаттанған балалар балалық шағынан алекситимиялық күй кешеді. Сезімдерін өзге түгілі өзінен жасырып, эмоцияларын көрсете алмайды, қорғаныс механизміне тығылады. Ол іштей осы оқиғаға дайын жүруі де мүмкін. Бірақ «жыласам да енді жұбататын кімім бар» деген ой кейіпкердің бойын керней береді. Сондықтан болар, ол бар мұң-қайғысын күйге төгеді. Дәл осыған ұқсас жағдай Әжігерейдің алғашқы махаббатынан ажырауында да көрініс табады. Гүлшатпен махаббаты әдемі басталып, барлық сатыларынан қол ұстасып өтеді. Әжігерей аспанда қалықтап жүргендей ерекше бақытты күй кешеді. Тіпті азын-аулақ уақытқа күй өнерінен алыстап та кетеді. Бірақ өкініштісі, шығарма соңында Гүлшат «Сенің сорың қалың. Өйткені өнерің биік. Атаң өнерді сор ғана көтереді деген» деп қоштасу сөзін айтқанда да Әжігерей жан дүниесімен Гүлшаттан ажырағысы келмесе де үнсіз қалады. Үнсіздік – келісу емес, сезімдердің жасырылуы. Осы ретте күрескерлік танытпай, қыз шешіміне келісе салуында да психикалық жарақаттарының әсері жоғары.

Шығарманың соңында Әжігерей анасы Қалимамен қауышады. Өгейлік көрсетіп жүрген Құлбағила да ол кезде Әжігерейді өз баласындай сезініп қалған еді. Қимайды. Қимаса да жақсы көргендіктен «анаңа бара ғой» деп рұқсатын береді. Бұл жерде де жетім баланың бойын қуаныш не өкініш кернемейді, тағы үнсіздікке жұтылады. Сезімдерінен қашады. Оған себеп 18 жасында анасымен қауышуы – биографиялық факт еді. Бірақ, 18 жыл бойғы болмаған балалық шағы – мәңгілік жетімдік ретінде сана ағымында жатталып қалады. Осылайша, тағы да Әжігерей күй арқылы өткенге сағынышын білдіреді.

Нәтижелесек, автордың «Талтүс» романының көтерген тақырыбы – мәңгілік өмір сарыны. Әлемде жетімдер болмаса дейміз, бірақ жетімдік тақырыбы жазылмаса, қай тарапта тартарымыз белгісіз. С. Қасқабасов: «Жетімдік мәселесі – қазақ эпостары мен ертегілерінің негізгі фабулалық өзегі», – дейді. Ал романда жетімдік мәселесінен туындаған мөлдір мұңның әлди әуезді шығады. Автор негізгі мәселе ретінде күйшілік өнерді шеберден шәкіртке қалдыруға ден қойғанымен, жасырын түрде жетім мәселесін алға тартады. Өзінің өміріндегі тар жол, тайғақ кешуін суреттейді. Әдетте, балалар 18 жыл бойы ата-анадан тәлім мен мейірімге қанып өсіп, 18 жасында ұядан түлеп ұшып жатса, Әжігерейде заңдылығы бұзылады. 18 жыл бойы тұл жетімдіктің күйін кешіп, әбден ер жетіп, ес тоқтатқанда ата-анасын табуы кейіпкер үшін аса түсініксіз еді. Ерте жастан тұрақты эмоциялық байланыс орнамаған. Сондықтан бала күніндегідей еркелей алмайды, тактильді қарым-қатынас құра алмайды. Мүлде бір бөтен адамдардың ортасына түсіп кеткендей күй кешеді. Одан бөлек, кейіпкер бойында тағы да ата-ананы жоғалтып алу қорқынышы туады. Д.Боулбидің түсіндірмесінде мұны «екінші жарақаттануға деген үрей сезімі» дейді. Соның әсерінен бала ата-анадан бойын аулақ ұстап, өзі алыстап кетуі де мүмкін деп болжанады. Қалыптасқан «мендермен» психологиялық реализм сәйкес келмейді. Мұндай кейіпкерлер қазақ және әлем әдебиетінде жиі кездеседі. Мәселен, О.Бөкейдің «Қар қызында» Қоңқай деп жүрген ішкі қайшылықтары басым, қоғамнан шет қалған, жағымсыз кейіпкер әкелері болып шығады. Қоңқай бейнесі – экзистенциалдық жалғыздық бейнесімен пара-пар. Десе де, шығарма соңында үш жігіттің біреуі әкесімен тұруға шешім қабылдайды. Одан бөлек, әлем әдебиетінде Марк Твеннің «Гекльберри

РОМАНЫНДАҒЫ

Финнің бастан кешкендері» атты шығармасында да осы тәжірибе кездеседі. Гекльдің ұзақ уақыт бойы әкесінің болмауы және кейіннен пайда болуы, бас кейіпкердің санасында жарылыс сезімдерін тудырады.

Осы ретте шығармадағы негізгі кейіпкердің басты мәселесі неге жетімдік деген сұраққа жауап беріп көрелік. Әрине, жетімдік тақырыбы – К. Юнг ілімі бойынша, әмбебап архетип. Жетім баланың ішкі әлемі қашан да жұмбақ. Ал әдебиеттегі жетім кейіпкердің болмысын ашу қоғам мен адам арасында мәңгілік көпір орнатады. Жетім бала тақырыбы сол дәуірдің әлеуметтік мәселелерін ашады. Оқырмандардың да қорғансыз кейіпкерге деген аяушылық сезімі оянып, экзистенциалдық үрей кешеді. Осы ретте қорғансыздық түсінігі кейіпкердің әрекетке қабілетсіздігі, ерік-жігерінің жоғалуы, жағдайға бағыну сынды контекстік белгілер арқылы вербалданады. Әуелгі себеп автор бас кейіпкерге 1889 жылы дүниеге келген атақты күйші Әжігерей Дүйсеғұлұлының есімін берген. Бұл күйшінің де өмірбаянын ақтарсақ, ата-анадан ерте айырылып, жетім өскенін аңғара аламыз. Десе де, шығармада Әжігерей Дүйсеғұлұлының тағдыры суреттелмейді. Себебі, автордың санасында кейіпкерін Әжігерей деп атауының артында Әжігерей секілді күйші болса екен деген қалау мен ниет қана жатыр. Негізінен Т.Әсемқұловтың өмір жолынан таған тартады. Демек, романдағы Әжігерейдің прототипі – автордың өзі. Таласбек – шертпе күй мектебінің өкілі, өз жанынан туған 8 авторлық күйі бар. Автор да ерте есейіп, бақытсыз балалық шақтың дәмін татқан. Дүние есігін аша салып, дәл Әжігерей секілді нағашы атасының бауырында өседі. 7 жасынан 18 жасына дейін атасы Жүнісбай Стамбаев дәстүрлі музыкалық өнерді бала жанына сіңіреді. Таласбек 18 жасқа келгенде күйші атасы өмірден өтеді. Осы ретте Таласбек сұхбаттарынан да, «Талтүс» романынан да «ата-ана махабатынан қағылдым» деген атасына деген реніші бірде-бір рет байқалмайды. Себебі, Таласбек атасының арқасында күйшілік өнерді жанына серік еткені өмір бойына азық болды. Бұл ретте, кейіпкерді толық тану үшін, жан дүниесіне бойлау үшін авторды білуіміз керек. Оның санасындағы әлем моделі, ұлттық мәдени коды, өмірбаяны, туып өскен жері, сенсорлық қабылдауы, жан-жарақаттары кейіпкерде көрініс таппай қоймайды. Дарем атты Англия университетінің ғалымдары жүргізген зерттеуге сәйкес, 181 жазушының 63 пайызы шығармадағы кейіпкерлердің дауысын күнделікті еститінін айтса, 15 пайызы сөйлесіп жүргенін жеткізеді. Демек, автор үшін кейіпкер өмір сүретін әлем – параллелді әлем, ал кейіпкер болса, автордың екінші бір жағы немесе көлеңкелі тұсы деген сөз.

Э.Хемингуэйдің «Нағыз жазушы жетімнен шығады» («Настоящий писатель вырастает из сироты») деген тұжырымына сүйенсек. Т.Әсемқұловтың жетімдік тақырыбына именбей баруына да өз басынан өткен оқиғасы, өмірбаяны толықтай әсер еткен. Сондай-ақ, өмірде көрген көптеген қиындықтар мен бейсанасында сақталып қалған оқиғалар желісі шығарма жазу барысында көрініс тапқан.

Қазақ әдебиетінде жетімдер туралы қалам тартқан жазушы жетімдер де баршылық. Мысалы, «О, Ақтан жас, Ақтан жас» деп жырлаған Д.Бабатайұлы, «Әпке», «Бекет» шығармаларын жазған Д.Исабеков, «Кәдімгі өздеріміз туралы» мен «Жылдар мен ойлардың» авторы әкесінен 6 жасында айырылған Ә.Тәжібаев, «Болмаған балалық шақтың» авторы А.Елгезек, «Имештің» авторы С.Шаймерден ата-анасынан ерте жастан айырылған, т.с.с. Байқасақ, осы аталған шығармаларды жазған авторлар санасындағы әлем моделін қағаз бетіне боямсыз түсірген. Дегенмен М.Мағауин «Мен» ғұмырбаяндық романында «Жазушы жетімнен шығады» деген сөзбен келіспейтінін айтады. Себебі жетім адам көп жағдайда тұңғышқа құлауға бейім болады, ондай адамнан жазушы шығуы екіталай. Ал Қ.Мырза Әлі «Иірімінде» Э.Хемингуэйдің сөзімен келіседі. «Мен де жоқшылықтың, қиындықтың әсерінен ақын болып шықтым» дейді. Қалай тартсақ та, жазушылардың жетімдік тақырыбына баруына әсер етуші факторлар көп.

Одан бөлек, жетпісінші жылдардың басында «Жеті жетім» деген физикалық және әлеуметтік жетімдігіне орай жан достардың тобы құрылған. Атауы нашар естілгенімен қазақ әдебиетіндегі жетімдік мәселесінің жазушылардың бойында көрініс табу мәселесін осы жерден де аңғарамыз. «Жеті жетімнің» басын қосқан О.Бөкей. Топта бізге белгілі жазушылар А.Сейдімбек, Б.Нұржеев, С.Әбдірайым, К.Ахметбеков, К.Сегізбаев кіреді. Бұл суретте алтауы тұр. Жетінші топ мүшесі, суретті түсіріп тұрған – Б.Нұржеев еді (1-сурет).

Міне, осындай психологиялық қарама-қайшылықтардан қашқан бас кейіпкер Әжігерей ұлт аманатын арқалауға шешім қабылдайды. Әрине, бұл болашаққа деген ұмтылыс болғанымен когнитивті бұзылыстар айқын көрінеді. Кейіпкер өз-өзінен қашады. Бірақ жетімдік пен күйшілік өнердің ортасында жан мен тәттің жақындығындай байланыс жатыр. Себебі, ол үшін күй сазы – қайғының баламасы істеттес еді. Домбыраның әр пернесінде балалық шағына деген аңсау сезімі жатты. Мақалада зерттеу нәтижелері ойын баласының қалай уайым баласына айналғаны жөнінде мысалдар келтірілді. «Қайғылы күйдің асқына келе ақырында диюға айналып, домбырадан бөлініп, өзінше жеке тіршілік құратынын бірінші рет көрді» деген жолдардан-ақ күйдің де мұң секілді өзінше тіршілік кеше алу қабілеті бар екенін ұғынады. Ақындар жан дүниесіндегі болып жатқан арпалыстарды өлеңмен шығаратыны сынды Әжігерей де бар уайымын күйге төгеді. Мұны «музыкалық терапия» дейді. Әжігерей күй тартқанда мұңын күйге көшіреді. Ішкі қысым сыртқа шығу барысында музыкалық тірек табады. Демек, осы мысалдарды негізге ала отырып, Әжігерейдің жетімдіктен құтқарушы ішкі тірегі – музыка деген шешімге келеміз.

Қорыта айтсақ, жетім тақырыбы – әдебиетте қоғамның ұят-ары іспеттес көркем бейне болса, ғылыми интеграцияда психологиялық, көркемдік, әлеуметтік тақырып ретінде сипатталады. Жетімдік – қоғамдағы институттардың жұмысының әлсіздігін бейнелейтін көрсеткіш. Жетімдік – биографиялық факт болғанымен, тұлғаның рухани жетілуіне жол ашатын баспалдақ. Ал прозалық шығармадағы Әжігерей сол баспалдақпен биікке көтеріліп, жетімдігінің салдарынан туған жан жарақаттарын күй өнерімен, нақтыласақ музыкалық терапиямен емдей алған тұлға. Ал Т. Әсемқұловтыңнан түрлен салған жазушы. Сондықтан Т. Әсемқұловтың «Талтүсі» жетімдік пен күйшілік тақырыбын қатар алып, шебер суреттей білген тұғыры биік, өнер тілімен өнерілген психоэстетикалық роман.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ



ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ САХНАДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ

Үлгілі “Еңлік” және Халықтық “GULNAR” би ансамблері

Ақтөбе қаласының Шығармашылық Академиясының өмірінде ерекше орны бар екі ұжым бар – Үлгілі “Еңлік” би ансамблі және Халықтық “GULNAR” би ансамблі. Бұл ұжымдар жылдар бойы қазақтың ұлттық би өнерін насихаттап, жас ұрпақты тәрбиелеп келеді. Ұжымдардың кәсіби өсуі мен шығармашылық табыстарының артында білікті басшылар тұр.

Шығармашылық Академияның директоры Тәжібаева Самал Мусақызы Көркемдік жетекшісі: Байдилядинова Гульнар Вахитовна.

Хореографтары: Филатова Асель Маратовна және Байтүрешева Жансая Серіковна.

Олар тек би үйретіп қана қоймай, шәкірттерінің бойына әсемдікке, еңбекқорлыққа, Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіріп, ұжыммен тіл табысуға тәрбие береді.

“ЕҢЛІК” — ТАЛАНТТЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕБІ

“Еңлік” — үлгілі атағын абыроймен алып жүрген балалар ансамблі. Мұнда 6 жастан бастап балалар қазақтың ұлттық билерін, ойын-билерін, салт-дәстүрге негізделген қойылымдарды үйренеді.

“Еңлік” сахнасы — болашақ “GULNAR” бишілерін дайындайтын негізгі би әлемі. Осы жерде балалар тәртіпті, сахна мәдениетін және еңбекті үйренеді.

“GULNAR” — КӘСІБИЛІК ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ШЫҒЫ.

Ұжым репертуарында қазақтың классикалық билерімен қатар, заманауи, әлем халықтарының билері де бар. Ұлттық рух пен заманауи хореографияның тоғысуы — “GULNAR” қойылымдарының басты ерекшелігі.

Ұжым республика көлемінде ғана емес, шетелде де өнер көрсетіп, қазақ биін әлемге танытуда.

ЕКІ ДӘУІР, БІР МАҚСАТ

Кеңес дәуірінде мемлекеттік қолдау басым болса, бүгінгі тәуелсіздік заманында шығармашылық еркіндік пен жауапкершілік артты. Бүгінде “Еңлік” пен “GULNAR” осы заман талабына сай жұмыс істейді.

“Еңлікте” қанаттанған жас биші “GULNAR” сахнасында кәсіби өнерпаз болып қалыптасады. Бұл — үздіксіз сабақтастық пен ұстаздар еңбегінің нәтижесі.

“Еңлік” пен “GULNAR” — бұл жай ғана би ұжымдары емес. Бұл — Ақтөбенің мәдени мұрасын сақтап, оны жаңа белеске көтеріп жүрген шығармашылық ұжым. Байдилядинова Г.В. бастаған ұжымның алдында үлкен мақсат тұр: қазақ биін әлемге таныту және ұлттық өнерді келешек ұрпаққа аманат ету. Ұжым республика көлемінде ғана емес, шетелде де өнер көрсетіп, қазақ биін әлемге танытуда.

Осы уақыт аралығында “Түркі халықтары мәдени қорының” басқаруымен шет елдерде соның ішінде БАӘ-нің Дубай қаласында, Түркияның бірнеше қалаларында өнер көрсетті.

“Түркі халықтары мәдени қорының” ұйымдастыруымен өткен халықаралық “Асыл Арман” көп жанрлы Өнер байқауының жүлдегері атанды.





«Қасымхан өлеңдерінің бәрі де жақсы, өте жақсы. Ол адам жанының ең нәзік сәулелерімен ойнайды. Туындылары адамның жанына әдемі ән болып естіледі, адам жан дүниесін аялайды, ардақтайды, асқақтатады.

...Оның ақындығы қандай бәйгеге түссе де алдымен келеді. Шаң ішінде қалмайтын асқақ ақындыққа жаныммен сендім».

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

Қазақстанның Халық жазушысы

«Қасымхан Бегманов! Лермонтовтай тұңғиық, зілді, терең, төкаппар. Есениндей есіле жөнеліп, аһ ұра беріліп, сүйгеніне, сүйіктісіне құлай түсетін және тез жерініп, тез опынатын ақындық ерекше жаратылыс, ақындық болмыс... алды-артына қарайламайтын көзсіз сері».

Илья ЖАҚАНОВ.

Қазақстанның Еңбек Ері

Қазақ халқы сөз өнерін ұлт руханиятының өзегіне айналдырған ерекше халық. Тіпті қазақтың екі сөзінің бірі қара өлеңнен өрілетіндей көрінеді. Сондықтан мұндай халықты поэзиямен таңғалдырып, жүрегін жаулау оңай шаруа емес. Арғы бастауын ежелгі жыраулар поэзиясынан алатын қазақ жыры ғасырлар бойы халықтың рухани қазынасы ретінде қызмет етіп келеді. Ұлан-ғайыр даланы мекендеген жұрттың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен тарихи жады көбіне өлең мен жыр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақтың әдебиеті ғана емес, тұтас ұлттық тарихының өзі поэзиямен астасып жатыр деуге толық негіз бар.

Уақыт керуені алға жылжыған сайын көптеген туындылардың авторлары халық жадынан көмескіленіп, олардың шығармалары халықтық сипатқа ие болды. Алайда мұндай жырлардың өміршеңдігі кеміген жоқ, керісінше уақыт сүзгісінен өтіп, мәңгілік мұраға айналды. Бұл – нағыз өнердің құдіреті. Халық жүрегінен орын тапқан туынды ғана ғасырлар бойы жасай алады. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы ойшыл Абайдан кейін поэзиямыз жаңа белеске көтерілді. Абай қалыптастырған көркемдік дәстүр кейінгі ақындардың шығармашылығында жалғасын тауып, қазақ өлеңі мазмұндық әрі пішіндік жағынан байи түсті. Әр дәуірдің ақындары поэзияның сан алуан мүмкіндігін игеріп, ұлт руханиятын жаңа шығармалармен толықтырып келеді.

Кезінде көрнекті қаламгер Дулат Исабеков поэзияның болашағы жайлы пікір білдіріп, қазақ пен орыс халықтарында поэзия ешқашан өлмейтінін айтқан еді. Себебі бұл халықтардың болмысы мен дүниетанымы поэзиямен біте қайнасып кеткен. Шынында да, қазақ арасында сөзді ұйқастырып, ойды әсерлі жеткізе алатын жандар аз емес. Дегенмен ұйқас құрастырудың өзі ақындықтың өлшемі бола алмайды. Ақындық – табиғаттың сирек сыйы, жүрек тереңінен туындайтын шығармашылық қуат. Өйткені шынайы поэзияда терең ой, көркем образ, сезім шынайылығы мен көркемдік тұтастық қатар жүруі тиіс.

Менің әдеби талғамыма ерекше әсер еткен ақындардың бірі – Қасымхан Бегманов. Оның шығармаларынан қазақы дүниетанымының терең иірімдері мен ұлттық мұңның нәзік әуені сезіледі. Әсіресе ақынның «Ташкентпен қоштасу» және «Басқала циклдары» атты туындылары мені қатты толқытты. Бұл өлеңдерді оқыған сәтте жүрек түкпірінде жатқан сағыныш пен мұң оянып, көзіме еріксіз жас келгені әлі есімде. Ақынның көркемдік шешімі, бейнелі тілі мен ұлттық сезімді жеткізудегі шеберлігі шығарманың эмоционалдық әсерін күшейте түседі.

Қасымхан Бегманов поэзиясының басты ерекшелігі – туған жер тағдырын жеке адамның жан дүниесімен астастыра суреттеуінде. Оның өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер тек жеке мұңын ғана емес, тұтас ұлттың сағынышы мен тарихи жадын арқалап тұрғандай әсер қалдырады. Ақын қолданған көркем деталдар мен символдық бейнелер оқырманды

ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН,

(Ақын Қ.Бегманов және «Құланиек, құба таң»

терең ойға жетелейді. Өлең жолдарын оқыған сайын көз алдыға кең сахара төсінде мұңға батқан қазақ даласы, тарихтың талай сынағын бастан өткерген халықтың тағдыры келеді. Осы қасиеті арқылы ақын шығармалары қарапайым лирикалық туынды шеңберінен шығып, ұлттық рухтың көркем шежіресіне айналады.

Сондықтан Қасымхан Бегмановтың поэзиясын қазақы мұң мен ұлттық сананың көркем көрінісі деуге болады. Оның шығармаларындағы сағыныш, елдік рух, тарихи зерде мен туған жерге деген махаббат оқырман жүрегіне жол тауып, ерекше әсер қалдырады. Нағыз классика уақытпен өлшенбейді. Ал Қасымхан Бегмановтың поэзиясы дәл сондай мәңгілік құндылықтар қатарына қосылатын көркем мұра екеніне күмән жоқ.

Қасымхан Бегмановтың ақындық әлемі мен қайраткерлік болмысы – қазақ руханиятындағы ерекше құбылыстардың бірі. Оның шығармашылығы тек поэзиямен ғана шектелмей, ұлттық тарихты түгендеу, рухани мұраны жаңғырту, ұлттың тарихи жадын сақтауға бағытталған іргелі еңбектерімен де құнды. Сондықтан Қасымхан Бегманов туралы сөз қозғағанда оның ақындығы мен азаматтық ұстанымын бір-бірінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Бұл қасиеттер оның тұлғасын тұтастандырып, шығармашылық келбетін даралай түседі.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен зиялы қауым қайраткерлері Қасымхан Бегмановтың шығармашылығына әр кезеңде жоғары баға беріп келеді. Мұның өзі ақын поэзиясының әдеби ортада ғана емес, оқырман қауым арасында да өз орнын тапқанын көрсетеді. Сондықтан ақынның шығармашылық ерекшелігін тану үшін алдымен сол тұлғалар қалдырған пікірлерге назар аударған жөн.

Белгілі ақын Жүмекен Нәжімеденов оның поэзиясындағы даралық пен өзіндік қолтаңбаны ерекше бағалайды. Пікірінше, оның өлеңдерінің басты ерекшелігі – ақынның жаңа көркемдік өрнек пен тың поэтикалық форма іздеуінде. Сонымен қатар ақын жырларындағы сезім мен ойдың табиғи үйлесімі оқырманды бірден баурап алады. Жүмекен Нәжімеденов оның шығармашылығынан шынайы таланттың қуатын, жүрек лүпілін анық сезінгенін атап көрсетеді.

Ал қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы Қадыр Мырза Әлі Қасымхан Бегмановтың «Ташкентпен қоштасу» өлеңін жеке-дара поэтикалық құбылыс ретінде бағалайды. Ол бұл туындының тамыры тереңде жатқанын, көне қазақ жырауларының толғауларымен үндесінін ерекше атап өтеді. Қадыр ақынның пікірінше, Бегманов шығармашылығына үсірттік пен жеңілтектік мүлде тән емес. Ол қандай тақырыпты жырласа да, бар жан дүниесін

салып, ақтарыла жазады. Сондықтан оның өлеңдерінен шынайылық пен рухани тереңдік анық байқалады.

Аңыз ақын Тұманбай Молдағалиев те Бегманов поэзиясын жоғары бағалаған қаламгерлердің қатарында. Ол ақын шығармалары адамның жан дүниесіндегі ең нәзік сезімдерді дөп басып, жүрекке жол таба білетінін ерекше атап өтеді. Ақынның лирикалық кейіпкерлері өмірдің әртүрлі сәттерін бастан кешірсе де, олардың бойынан мөлдір сезім мен адамгершілік қасиеттер айқын көрінеді. Сондықтан Қасымхан өлеңдері оқырманға жай ғана көркем мәтін емес, жан сырын шерткен әсем әуендей әсер қалдырады.

Қасымхан Бегмановтың шығармашылығындағы тағы бір маңызды ерекшелік – ұлттық тарих пен халық тағдырына деген жауапкершілік сезімі. Бұл қасиетті әдебиеттанушы ғалымдар мен қаламгерлер де ерекше атап өтеді. Академик Мәмбет Қойгелді ақынның тарихи тақырыптарды игерудегі шеберлігіне назар аударып, оның шығармаларынан тарихи шындық пен ұлттық сананың терең көрініс табатынын айтады. Әсіресе «Шерлі Түркістан», «Ташкентпен қоштасу» секілді туындыларында ақынның зерделі ойы мен ұлт тағдырына деген алаңдаушылығы анық байқалады.

Көрнекті ақын Серік Ақсұңқарұлы болса Қасымхан Бегмановтың қайраткерлік қырын ерекше бағалайды. Оның пікірінше, ақынның Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеп, ұлт көсемінің тарихи бейнесін жаңғырту жолындағы еңбегі үлкен ерлікпен пара-пар. Бұл бағалар Бегмановтың тек сөз өнерінің иесі ғана емес, ұлт руханияты үшін аянбай еңбек етіп жүрген азамат екенін дәлелдейді.

Көрнекті ақындар Темірхан Медетбек пен Есенғали Раушановтың пікірлерінде де ақын шығармашылығының басты өзегі ретінде тарихи жады мен сағыныш сарыны аталады. Олар Қасымхан поэзиясындағы өткенге деген іңкәрлік пен ұлттық мұңды ақындық дүниетанымының маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Расында да, Қасымхан өлеңдерін оқыған сайын тарихтың көмескі беттері, туған жердің тағдыры, ұлттың жоғалтқан құндылықтары мен мәңгілік аңсары көз алдыға келеді.

Жазушы Дулат Исабеков, әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева, ғалым Айгүл Ісмақова сынды зиялы қауым өкілдері де ақынның шығармашылық ізденістеріне жоғары баға берген. Олар Қасымхан Бегмановтың әдебиеттегі ғана емес, ұлттық мұраны жинақтау мен зерттеу саласындағы еңбектерін де қазақ мәдениетіне қосылған маңызды үлес ретінде бағалайды.

Осы пікірлердің барлығы Қасымхан Бегманов тұлғасының ауқымын айқындай тү-

седі. Ол – сыршыл лирик қана емес, ұлт тағдырына алаңдайтын азамат ақын, тарихи сананы жаңғыртуға күш салған қайраткер, ұлттық құндылықтарды ұлықтаған руханият жанашыры. Сондықтан оның шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар, көркемдік қуаты мен идеялық салмағы жоғары құбылыс ретінде бағалануға толық лайық.

Жоғарыда келтірілген қазақ зиялыларының пікірлері Қасымхан Бегманов шығармашылығының әдеби ортадағы орнын айқын аңғартады. Бұл жай ғана ізет білдіру немесе әріптестік лебіз емес, ақынның талантын, азаматтық ұстанымын және ұлт руханиятына сіңірген еңбегін мойындаудан туған шынайы бағалар. Әсіресе оның Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеу мен насихаттау жолындағы қызметі тек әдеби қауымның ғана емес, қа-

лық оқырманның да ерекше ықыласына ие болды. Қасымхан Бегмановтың бұл бағыттағы еңбектері тарихи тұлғаның шынайы бейнесін танытуға, ұлттық сананың жаңғыруына және тәуелсіздік құндылықтарын тереңірек ұғынуға қызмет етті. Сондықтан ақынның қайраткерлік қыры оның шығармашылық тұлғасымен біте қайнасып жатқан құбылыс деп бағалауға болады.

Бегманов поэзиясының басты ерекшеліктерінің бірі – оның жырларының белгілі бір оқиғаға, тарихи дерекке немесе өмірлік шындыққа негізделуінде. Ақын өлеңдерінен жалаң лирикадан гөрі сюжеттік желіге құрылған, ойы мен мазмұны тұтасқан поэтикалық дүниені көреміз. Оның шығармаларын оқи отырып, тек көркем әсер алып қана қоймай, халық тарихының түрлі кезеңдерімен де танысуға мүмкіндік туады. Бұл – ақын поэзиясының танымдық әрі тәрбиелік маңызын арттыратын ерекшелік.

Осы тұрғыдан алғанда, Қасымхан Бегмановтың көпшілікке кеңінен танылған шығармаларының бірі – «Қазағым» толғауы. Бұл шығармада ақын қазақ халқының басынан өткен қилы кезеңдерді көркемдікпен кестелеп, ұлттық тағдырдың ауыр белестерін бір арнаға тоғыстырады. Толғауда ел тарихындағы ең қасіретті оқиғалардың бірі – Ақтабан шұбырынды заманынан бастап, XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргіндер мен Желтоқсан оқиғасына дейінгі тарихи жаралар әсерлі суреттеледі. Ақын өткеннің қайғысын тек еске алып қана қоймай, оны бүгінгі ұрпақтың тарихи жадын оятатын көркемдік құралға айналдырады.

«Қазағым» толғауының құндылығы – онда ұлттық мұң мен халықтық рухтың қатар өрілуінде. Шығармада ел басынан өткен ауыртпалықтармен бірге қазақ халқының қайсарлығы, рухани беріктігі және азаттыққа деген ұмтылысы да айқын көрініс табады. Сондықтан бұл туынды оқырманға тарихи дерек ретінде ғана емес, ұлттық рухты көтеретін көркем дүние ретінде әсер етеді.

Уақыт өте келе бұл толғау терме үлгісінде орындалып, халық арасына кеңінен таралды. Нәтижесінде шығарма әдеби орта шеңберінен шығып, көпшілік санасына жол тапқан халықтық туынды деңгейіне көтерілді. Бұл – ақын шығармасының өміршеңдігін, оның халықтың жүрегіне жеткенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Өйткені нағыз өнер ғана уақыт сынынан өтіп, ел жадында сақталып қалады. Ал Қасымхан Бегмановтың «Қазағым» толғауы дәл осындай рухани құндылықтардың қатарына қосылған шығарма деген пікірлер жоқ емес.

Қасымхан Бегмановтың таңдаулы туындылары топтастырылған «Құланиек, құба таң»

жинағы бүгінгі қазақ поэзиясының көркемдік кеңістігін айқындайтын тағылымды еңбектердің бірі деуге толық негіз бар. Бұл кітап жыр сүйер қауымның рухани сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, ұлттық болмыс пен тарихи сананы тереңнен қозғайтын құнды әдеби мұра ретінде бағаланады. Жинақтың сыртқы безендірілуі мен ішкі көркемдік шешімі оқырман назарын бірден өзіне аударады. Ал кітаптың мазмұнына үңілген жан қазақ халқының сан ғасырлық тағдыр жолын, азаттық аңсаған арманын, рухани биігін кең панорама іспетті көз алдынан өткізеді.

Ақын жырларынан ұлт тарихының қилы кезеңдері, халықтың бастан кешкен ауыр тағдыры, азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі анық көрініс табады. Кей сәтте оқырман жүрегіне мұң ұялап, өткен күндердің қасіретті

терең сезініп, халқымыздың бай фольклорлық мұрасына сүйене отырып «Ер Төстік» поэтикалық драмасын жазған. Қазақ ертегілерінің алтын арқауына айналған қаһарман бейнесін жаңа көркемдік шешіммен ұсынған шығарма жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға қызмет етеді. Поэтикалық тілдің әсемдігі, кейіпкерлер жүйесінің тартымдылығы және сахналық динамикасы туындының эстетикалық әсерін күшейте түседі. Бүгінде бұл пьесаның театр сахналарында қойылып, көрермен ықыласына бөленуі шығарманың өміршеңдігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, «Құланиек, құба таң» жинағы – ақындық пен азаматтық ұстанымның, тарихи таным мен көркемдік ізденістің тоғысқан тұсы. Қасымхан Бегманов бұл еңбегі арқылы қазақ әдебиетінің тақырыптық аясын

ғы ақынның «Ұрпаққа хат» атты бағдарлама-лық сипаттағы өлеңімен ашылады. Бұл туындыны жай ғана кіріспе өлең деуге келмейді. Ол – ақынның келер ұрпаққа аманаты, уақытпен тілдескен сырлы монолога әрі азаматтық ұстанымының көркем манифесі. Өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ ақынның биік мұраты мен елдік мақсатқа адалдығы айқын аңғарылады:

«Беу, бүгінгі тәй-тәй басқан балғындар,
Ал әзірше тал бесікте қалғындар.
Із түспеген жаңа соқпақ салғым бар,
Миллиондардың жүрегінде қалғым бар.
Қанша ғасыр таппай келген арманды,
Арыстанның апанынан алғым бар...»

Ақын бұл жолдар арқылы жеке басының емес, тұтас ұлттың арман-мұратын сөйлетеді. Лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі асқақ мақсат, ел болашағына деген жауап

Шығарма лирикалық толғаныс сипатында өрбиді. Ақын тарихи оқиғаларды сырттай бақылаушы ретінде емес, ұлт тағдырына жаны ауыратын азаматтық тұлға ретінде қабылдайды. Сондықтан поэмада деректілік пен эмоционалдық әсер өзара үйлесім тауып, оқырманды өткен ғасырдың күрделі кезеңдеріне жетелейді. Автор Алаш қайраткерлерінің өмір жолын баяндаумен шектелмей, олардың ұлт алдындағы еңбегін, рухани биігін және тарихи миссиясын көркемдік тұрғыдан пайымдайды.

Поэманың басты көркемдік ерекшелігінің бірі – Алаш қозғалысын жеке тұлғалардың тағдыры арқылы көрсетуінде. Әсіресе Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай бейнелері шығармада ерекше дараланып көрінеді. Ақын бұл екі қайраткерді тек тарихи тұлға ретінде ғана емес, ұлттың азаттық идеясын арқалаған рухани көшбасшылар ретінде бейнелейді. Олардың қайраткерлік болмысы, ел болашағы үшін атқарған қызметі мен асыл мұраттары поэманың идеялық өзегіне айналған.

Қасымхан Бегманов Алаш арыстары туралы жырлағанда артық пафосқа немесе жасанды әсірелеуге ұрынбайды. Керісінше, тарихи шындық пен ақындық сезімді шебер ұштастырып, оқырман жүрегіне жол таба алатын көркемдік шешімдерге жүгінеді. Шығармада тарихи тұлғалардың бейнесі жылы ықыласпен, ерекше құрметпен сомдалады. Ақынның әрбір кейіпкерге деген сүйіспеншілігі мен тағзымы өлең жолдарының өн бойынан анық сезіліп тұрады.

Поэманың негізгі идеясы – Алаш арыстарының ұлт үшін атқарған қызметін ұмытпау, олардың аманатын келер ұрпаққа жеткізу. Осы тұрғыдан алғанда шығарма тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған көркем шежіре іспетті. Ақын Алаш қозғалысын қазақ халқының ең биік рухани белестерінің бірі ретінде бағалап, оны ұлттық мақтаныш дәрежесіне көтереді. Оның шығармасынан Алаш идеясына деген шексіз құрмет пен адалдық анық байқалады.

Поэманы оқыған сайын оқырман екі түрлі сезімді қатар бастан кешіреді. Бір жағынан, азаттық жолында құрбан болған арыстардың қайғылы тағдыры жүрекке мұң ұялатады. Екінші жағынан, олардың ел болашағы үшін атқарған өлшеусіз еңбегі мен биік мұраттары мақтаныш сезімін оятады. Шығарманың эмоциялық қуаты да дәл осы қарама-қайшы сезімдердің табиғи сабақтастығынан туындайды.

Ақын тарихи оқиғаларды баяндауда артық детальдарға немесе құрғақ деректерге сүйеніп кетпейді. Оның басты мақсаты – өткен кезеңнің рухын жеткізу, тарихи тұлғалардың жан әлемін ашу және олардың ұлт алдындағы орнын көрсету. Осы себепті поэмада тарихи таным мен көркемдік ойлау жүйесі табиғи үйлесім тапқан. Алаш арыстары: Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев сынды қайраткерлердің бейнелері ұлттық рухтың символы деңгейінде көркем жинақталады.

Жалпы алғанда, «Алашорда аманаты» – Алаш қозғалысының тарихи тағдырын, оның жетекшілерінің асыл мұратын және ұлт азаттығы жолындағы күресін терең толғаныспен бейнелеген лиро-эпикалық туынды. Поэманың көркемдік құндылығы тарихи шындықты ақындық сезіммен ұштастыра алуында жатыр. Сондықтан бұл шығарма тек әдеби туынды ғана емес, ұлттың тарихи жадын жаңғыртатын, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін маңызды рухани мұра ретінде бағалануы тиіс.

Қанат АЛТЫНБЕК

Жазушы, зерттеуші,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,

ҚР Ұлттық кітапханасының Ғалым хатшысы

ЗАМАНМЕН ҮНДЕСКЕН

жырлар жинағы хақында)



беттеріне еріксіз үңіледі. Ал енді бір мезетте ақынның өршіл рухы мен асқақ пафосы жігерді жанып, туған халқыңның перзенті болғаныңа мақтаныш сезімін ұялатады. Бұл – ақын шығармашылығының эмоциялық қуаты мен идеялық салмағының айқын көрінісі.

Жинақтың соңғы бөлімі Қасымхан Бегмановтың қаламгерлік қырын жаңа қырынан танытады. Мұнда автордың «Менің Мұстафам» тарихи монодрамасы мен «Ер Төстік» поэтикалық драмасы енгізілген. Бұл шығармалар жазушының драматургия жанрындағы ізденістерінің нәтижесі ғана емес, оның ұлттық руханият мәселелеріне деген азаматтық көзқарасын да танытады.

Қаламгер шығармашылығындағы жетекші тақырыптардың бірі – түркі әлемінің азаттығы мен тұтастығы жолында күрескен көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқай тұлғасы. Автор ұзақ жылдар бойы Мұстафа Шоқайдың өмір жолын зерттеп, оның жүрген іздерімен сапар шегіп, шетел архивтеріндегі құжаттарды зерделеді. Осындай табанды ізденіс пен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірнеше еңбектер дүниеге келіп, ақырында «Менің Мұстафам» тарихи монодрамасы жазылды. Бұл туындыда тарихи тұлғаның ішкі жан дүниесі, азаттық жолындағы күресі мен қайсар мінезі көркемдік шеберлікпен бейнеленген. Монодраманың театр сахнасында қойылып, көрерменнің жоғары бағасына ие болуы шығарманың көркемдік қуаты мен тәрбиелік мәнін айғақтай түседі.

Сонымен қатар автор бүгінгі таңда балалар әдебиетін дамыту мәселесінің өзектілігін

кеңейтіп қана қоймай, ұлт тарихын, рухани құндылықтарын және тарихи тұлғалардың өнегелі өмірін жаңа көркемдік деңгейде таныта алған қаламгер ретінде көрінеді.

Қасымхан Бегмановтың Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеудегі табандылығы мен азаматтық ұстанымы әдеби орта мен зиялы қауым тарапынан жоғары бағаланып келеді. Қаламгердің ұзақ жылдарға созылған ізденістері, тарихи тұлғаның өмір жолын терең зерделеуі және оның рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа таныту жолындағы еңбегі көптеген көрнекті қайраткерлердің ықыласына ие болды. Солардың бірі – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов.

Белгілі жазушы Мұстафа Шоқай тұлғасының ұлт тарихындағы айрықша орнын атап көрсете отырып: «Мұстафа Шоқайдың әр ізі қасиетті. Сондықтан біз оның өмір жолын, қызметін жете білуге тиіспіз», – деп баға береді. Бұл пікірдің астарында ұлт азаттығы жолында күрескен тарихи тұлғаның тағдырын тану арқылы халықтың тарихи жадын жаңғырту идеясы жатыр. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі – тек бір адамның ғұмырнамасы ғана емес, бүкіл түрік жұртының тәуелсіздікке ұмтылған мұратының көрінісі.

Қабдеш Жұмаділов Қасымхан Бегмановтың шығармашылық ізденісіне де ерекше тоқталып, оның еңбегінің шынайылығын жоғары бағалайды. Жазушының: «Мен Қасымхан Бегмановты бұрыннан жақсы білемін. Бұл фильмді кәсіби режиссер емес, арманшыл ақынның түсіргені дұрыс болды. Еңбек шынайы көңілмен, еркін, кең пішіп суреттелген фильм болып шыққан», – деген пікірі қаламгер еңбегінің басты ерекшелігін дәл танытады.

Шынында да, Қасымхан Бегмановтың Мұстафа Шоқай тақырыбына арналған зерттеулері мен көркем туындыларында құрғақ дерекке негізделген баяндаудан гөрі рухани таным мен жүрек сезімі басым көрінеді. Автор тарихи тұлғаның болмысын архив құжаттары арқылы ғана емес, ұлттық сана тұрғысынан пайымдап, көркемдік шындықпен сабақтастыра суреттейді. Оның шығармаларындағы тарихи дерек пен көркем қиялдың үйлесімі оқырманға Мұстафа Шоқай бейнесін жаңа қырынан танытуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Қасымхан Бегмановтың шығармашылығы тарихи тұлғаны дәріптеумен ғана шектелмейді. Ол ұлттық рухты жаңғырту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және азаттық идеясын ұрпақ санасына сіңіру сияқты маңызды міндеттерді атқарады. Сондықтан қаламгердің Мұстафа Шоқай тақырыбындағы еңбектері қазақ әдебиеті мен рухани өміріндегі елеулі құбылыстардың бірі ретінде бағаланып жатыр.

Жинақтың композициялық құрылымы да ерекше назар аудартады. Кітаптың шымалды-

кершілік сезімі мен рухани өршілдік шығарманың идеялық өзегіне айналған. Әсіресе «Із түспеген жаңа соқпақ салғым бар» деген тармақтан ақынның жаңашылдыққа ұмтылған шығармашылық болмысы көрінсе, «миллиондардың жүрегінде қалғым бар» деген жолдардан халықпен бірге жасайтын рухани мұра қалдыруға деген талпынысы байқалады. Ал «қанша ғасыр таппай келген арманды, арыстанның апанынан алғым бар» деген метафоралық бейне ұлттық тәуелсіздік пен азаттық идеясының көркемдік символы ретінде әсер қалдырады.

Осылайша басталған жинақ оқырманын бірден ой әлеміне жетелеп, ақын шығармашылығының негізгі тақырыптық арнасымен таныстырады. Бұдан кейін кітапқа әр кезеңде жазылған таңдаулы өлеңдер мен поэмалар, оқырман жүрегінен орын алған кең танымал жырлар топтастырылған. Жалпы саны екі жүзден астам туындыны қамтитын бұл жинақ Қасымхан Бегмановтың шығармашылық әлемін жан-жақты танытуға мүмкіндік береді.

Жинақтағы өлеңдердің басым бөлігі тарихи тақырыптарды арқау етеді. Ақын ұлттық тарихтың терең қатпарларына бойлап, ел жадында сақталған маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғалардың тағдырын көркемдік тұрғыдан жаңғыртады. Оның поэзиясында өткен мен бүгіннің арасында рухани көпір орнатылып, тарихи жадының сабақтастығы айқын көрініс табады. Әрбір өлең оқырманды уақыт кеңістігінде жетелеп отырып, қазақ халқының бастан кешкен күрделі кезеңдерін, азаттық жолындағы күресін және ұлттық рухтың өміршеңдігін терең сезіндіреді.

Қасымхан Бегманов поэзиясының басты ерекшелігі – тарихи деректі көркемдік қиялмен шебер ұштастыра білуінде. Сондықтан оның жырлары құрғақ баяндау немесе деректер жиынтығы ретінде қабылданбайды. Керісінше, әр шығармада ұлттық рух, елдік сана және тарихи тағылым көркем бейнелер арқылы өріліп, оқырман жүрегіне әсерлі жол табады. Осы қыры арқылы ақын шығармалары тек эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, танымдық әрі тәрбиелік қызмет атқаратын рухани құндылық дәрежесіне көтеріледі.

Жинақтағы тарихи тақырыпты тереңнен қозғаған көлемді туындылардың бірі – «Алашорда аманаты» поэмасы. Бұл шығарма ақынның ұлттық тарихқа, Алаш мұрасына және азаттық идеясын ту еткен тұлғалар тағдырына деген ерекше құрметінен туған көркем туынды ретінде бағалануға лайық. Поэманың өн бойында Алаш қозғалысының тарихи маңызы, оның жетекшілерінің ұлт тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық күресі және сол жолдағы қайғылы тағдырлары терең тебіреніспен суреттеледі.



20 НАУРЫЗ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІ САҚТАУ ЖОЛЫНДА ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЕТКЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА – ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНОВТІҢ ТУҒАН КҮНІ.

ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНОВ 1915 ЖЫЛЫ 20-НАУРЫЗДА АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, ВИШНЕВ АУДАНЫ, ТАНА-ГҮЛ АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. АҚМОЛА ТЕМІР-ЖОЛ ТЕХНИКУМЫН, КОКП ОК ЖАНЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ПАРТИЯ МЕКТЕБІН БІТІРГЕН, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМ-ДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ.

Бұл көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткердің есімі тәуелсіз Қазақстанның тарихында мәңгілікке жазылған. Оның өміріне арналған кітаптар шығарылды, Астана, Алматы, Шымкент, Петропавл, Көкшетау қалаларындағы және кейбір аудан орталықтарындағы көшелерге есімі берілген. Ол көзі тірісінде-ақ халықтың сүйіктісіне айналған.

Адамзаттың бүкіл тарихы көптеген жарқын тұлға із-түз-сіз жоғалып кеткен қарама-қайшы оқиғалардың молдығын көрсетеді. Отанға, өз халқына және болашақ ұрпақ үшін адал да айнымай қызмет еткені үшін талай даңқты тұлға кемсітіліп, қорланды. Егер белгілі бір кезеңге қарасақ, кеңес заманында қазақтар сот пен тергеуші қамауға алу, қуғын-сүргін, кейде өліммен аяқталған ұзақ мерзімге сотсыз соттау түрінде орталық тарапынан қатты қысымға ұшырады. Тіпті «Хрущевтің жылымығы» кезінде де, ресейлік басылымдарда жиі жазылғандай, орталыққа қарсы шыққан тұлғаларды лауазымдарынан шеттету оңай іс болды. Жұмабек Ахметұлы – әрине, өзінің ержүректігімен, ойлау тереңдігімен, көрегендігімен және республиканың мүдделерін қорғау жолындағы мақсатты ұмтылысымен танымал санаулы патриоттың бірі. Аты аңызға айналған мемлекет қайраткері Жұмабек Ташеновтің есімі даңқты қазақ батырлары мен халық қаһармандарының тарихи есімдерінің қатарында халық жадында сақталып қалды.

ӨЛГЕННЕН КЕЙІН ДЕ БӘСЕКЕЛЕСТЕР МЕ?

70 жыл бұрын, 1952 жылдың қаңтарында Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жап-жас Жұмабек Ташенов сайланды. Осылайша, бүгінде қазақтардың едәуір бөлігі соғыстан кейінгі кезеңдегі республиканың ең көрнекті мемлекет қайраткері деп санайтын адамның шапшаң мансаптық самғауы басталды. Рас, осы тұлға халқындағы аңыздарға, тіпті мифтерге негізделген пікірлердің қайсысын Ташеновтің сөзсіз еңбегі деп санауға болатынын, қайсысы ойдан шығарылғанын түсіну өте қиын.

Ақтөбе облысының басшысы болып сайланғаннан кейін небәрі үш жыл өткен соң, 40 жасқа енді ғана толған Ташенов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы болды – ресми түрде бұл лауазым республикада бірінші (президент, мемлекет басшысы сияқты), ал іс жүзінде үшінші басшы еді. Тағы бес жылдан кейін ол Қазақстандағы екінші тұлға – Министрлер Кеңесінің төрағасы, яғни Үкімет басшысы болып тағайындалды. Сонымен қатар, 1960 жылы қаңтарда Дінмұхамед Қонаев Республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Олардың арасында жасырын бәсекелестік болды ма? Иә, әбден мүмкін, жастау (төрт жас кіші) әрі амбициясы күшті Ташенов бір күні Қонаевтың орнын басуды армандаған

шығар, ал ол өз кезегінде оны қарсылас ретінде көрмеуі мүмкін емес. Бір жылдан кейін Ташенов қуғынға ұшырады – облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп Шымкентке жіберілді. Бірер жылдан кейін Қонаевтың да лауазымы төмендеді (Ташенов сияқты құлдырамаса да, оған да өте ауыр тигені анық). Алайда тағы екі жыл өткен соң оның жұлдызы қайта жарқырады: 1964 жылғы қазандағы «партияшілік төңкеріс», Никита Хрущевтің тақтан тайдырылуы және Қонаевты құрметтейтін Леонид Брежневтің көтерілуі нәтижесінде ол Орталық Комитеттің бірінші хатшысы қызметіне оралды. Содан кейін жиырма жылдан астам уақыт бойы республиканы басқарды.

Неліктен қазір кеңес дәуірінің осы екі қайраткерін бағалауда Қонаевтың еңбегін төмендете отырып, Ташеновты «батырландыру» басым бола бастады (Қонаевтың мұрагерлері мен жанкүйерлеріне Жұмабек Ахметұлын тұғырға көтеріп, Дінмұхамед Ахметұлын одан құлатуға тырысқандарға жиі тойтарыс беруге тура келіп отыр)? Мүмкін, бірнеше себебін атауға болар. Олардың біріншісі қазақ қоғамында

Жұмабек ТӘШЕНОВ:

ӨЗІҢ ҮШІН КУМИРДІ ҚАЛАЙ ЖАСАУҒА

кеңестік өткенге, оның ішінде республикамыздың Қонаев есімімен байланысты кезеңіне теріс көзқараспен қарайтын дандың үлесінің артуына байланысты. Екіншісі біздің жаппай санамызда «режим құрбандарына» деген жана-шырлықтың жойылмайтындығына байланысты. Өйткені, бүгінде көптеген адам Ташеновті дәл осындай құрбан деп санайды. Ақырында, үшінші себеп Ташеновтің сол кездегі партиялық-шаруашылық элитаның көптеген басқа өкілінен айырмашылығы – ана тілінде еркін сөйлеп қана қоймай, оны белсенді қолданып, халықтық дәстүрлерді білгендігінде. Бір сөзбен айтқанда, ол «таза қазақ» болған, ал Қонаев осы тұрғыдан «шала қазақтарға» жатқызылған сияқты.

Негізінде, Ташеновті мұндай «батырландырумен», тіпті идеалдандырумен келісуге болар (мүмкін, ол шынымен де ерекше тұлға, нағыз патриот және т. б. болған шығар), бірақ ол көптеген басылымда, деректі фильмдерде, кітаптарда еш қателеспейтін етіп көрсетіледі, ол туралы жазылғанның және айтылғанның көбіне сену қиын – әсіресе саналы ғұмырын кеңес заманында өткізген және сол кездегі тәртіп пен әдет-ғұрыпты жақсы білетін адамдарға. Сонымен қатар бағалау көбінесе құжаттық дәлелдерге емес, біреудің біреуге айтқанына, дәлелденбеген болжамдарға негізделген. Авторлардың көзге ұрып тұрған субъективтілігі де әсер етеді. Мысалы, бұл Ташеновке арналған «Шынжырда өткен жолбарыс» кітабында айқын байқалады: оған тек жағымды қасиеттер берілген, ал бәсекелесі Қонаевтың портреті толығымен қара түспен боялған. Шынайы өмірде бұлай болмайды.

ОЙДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ЖАЙТҚА КӨЗІМНЕН ЖАС ПАРЛАЙДЫ...

Орыстілді аудитория Ташеновтің тұлғасының айналасында қандай аңыз бен миф жасалғандығы туралы, былайша айтқанда, шоғырланған түрде «Өткеннің жарығы» деректі фильмінен түсінік ала алады. Ол теледидарда көрсетілді, қазір Youtube-те бар. Автор немесе жүргізуші Зарина Мұхамедәлі өз әңгімесін Абылай ханның бір көрегендігін айтудан бастайды, содан кейін былай деп жалғастырады: «Ресей империясының отаршылдық саясаты, Кеңес Одағының сәтсіз реформалары Тәуелсіз Қазақстанға қызығарлықтай мұра қалдырған жоқ. Бірақ одан да жаман болуы мүмкін еді: Хрущевтің кезінде Қазақстан ең бастысы – өзінің аумақтық тұтастығынан айырылып қала жаздады. Бүгін біз өз мансабын құрбандыққа шалып, кейінгі ұрпақ үшін туған жерін қорғап қалған адам туралы әңгімелейміз».

Фильм кейіпкерінің басты ерлігі туралы әңгімеге кіріспес бұрын ол сарапшы ретінде тартылған Ташеновтің өмірі мен қызметін зерттеуші Гүлнәр Кенжебулатова екеуі бұрын болған жайларды еске алады. Жұмабек Ахметұлы «Социалистік Қазақстаннан» бастап барлық қазақ газетінің жабылуына қарсы шығып, оларды құтқарып қалған көрінеді. Бірақ, мұндай қадамды кім және қашан бастағаны туралы

сөз жоқ. Сонымен қатар, мұндай қауіп бар екенін көрсететін құжат та жоқ. Шынында да, біреу «Социалистік Қазақстанды» – республиканың басты партиялық басылымын, демек, ең маңызды (әсіресе теледидар бізде сол кезде ғана пайда болғанын ескерсек) идеологиялық құралды жауып тастағысы келді деп елестету мүмкін емес. Жергілікті қазақтілді баспасөздің де барлығы дерлік партиялық болды.

Иә, республика Жазушылар одағының органы – «Қазақ әдебиетінің» тарихын еске түсіруге болады: 1956 жылы онда «ұлтшылдық идеологиясының белгілері» байқалған. Бірақ бұл газет қайта шыққаннан кейін бір жылдан соң неге жабылуға тиіс (алдыңғы он бес жыл ішінде ол шығарылған жоқ)? Сол кезде «жылымық» кезінде мұндай мәселелер қарапайым жолмен шешілген: бас редактор ауыстырылып, қалғандары қатаң ескертілетін – осының өзі жеткілікті еді. Айтпақшы, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы қызметінен босатылған ақын Сырбай Мәуленов 1959 жылы «Құрмет белгісі» орденін алды. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: билік газет жарияланымдарынан онша қылмыс көрген жоқ.

Немесе тағы бір дерек-мыс: Ташенов Семей полигонындағы ядролық сынақтарды тоқтатуға шақырыпты, ал Хрущев «өзінің аса белсенді бағынышты қызметкерімен достық қарым-қатынаста болғандықтан, оны жалпы сөзбен үміттендіріпті». Шынтуайтында, ядролық қару КСРО-ның АҚШ-пен және бүкіл Батыспен егесіндегі қауіпсіздігінің негізі болды. Ал Хрущев үшін, беделді тарихшылар атап өткендей, бұл кәдімгі «фикс идеясына» айналды: оған сеніп, Никита Сергеевич 1950 жылдары әскерилердің барынша қарсылық білдіргеніне қарамастан, тіпті қарапайым Қарулы Күштерді түбегейлі қысқартуға барды. Ташеновтің өзі де ядролық сынақтарды қысқартуға шақыру «саяси соқырлық» ретінде қарастырылатынын және өзін-өзі саяси өлтірумен тең болатынын түсінбеуі мүмкін емес.

Фильм авторлары ұлты қазақ еңбеккерлер «Социалистік Еңбек Ері» атағын ала бастағанын да Жұмабек Ахметұлының еңбегіне жатқызады. Ал қазақтар оған дейін ондай атақ алмап па? Мысалы, 1940 жылдардың аяғында бұл атаққа шопан Жазылбек Қуанышбаев, күріш өсіруші Ыбырай Жақаев, жылқышы Ниетқали Жүнісов, колхоз төрағасы Нұрмолда Алдабергенов және басқалар ие болды. Ташенов мемлекеттік наградалардың берілуіне ықпал ету мүмкіндігіне ие болған кезде Социалистік Еңбек Ері атанған қазақтардың саны ондаған адам еді. Жалпы, атақтарға, ордендерге ұсыну оның Жоғарғы Кеңес төралқасының төрағасы ретіндегі функциялық міндеті еді (1955 –1960). Фильмді жасаушылар Мұхтар Әуезовке «Абай жолы» романы үшін 1959 жылы Лениндік сыйлық тапсырылуын да Ташеновтің айрықша еңбегі деп санайды. Ал жазушы он жыл бұрын, 1949 жылы эпостың бірінші бөлігі үшін КСРО-дағы ең жоғары Сталиндік сыйлықты алған болатын (Лениндік сыйлық 1957 жылы тағайындалды).

Авторлар Жұмабек Ахметұлының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда атқарған үлкен рөлі туралы да айтады. Өз лауазымына байланысты тиісті комиссияның басшысы болып тағайындалған ол осы жұмыспен айналысуға міндетті емес пе еді? Тағы бір сұрақ – ол орталық белгілеген талап аясында әрекет етті ме, әлде мүмкіндігінше көбірек зардап шеккендердің құқықтарын қалпына келтіру үшін оны батылдықпен айналып өтті ме? Ташеновтің комиссия төрағасы ретіндегі қызметін осы сауалға жауапқа қарап бағалау қажет. Бірақ ешкім мұндай жауап берген жоқ.

«Медеу» кешенінің құрылысы, Мәскеуде Қазақстан күндерін өткізу (1958 жыл), республика астанасындағы Абай ескерткіші, Бауыржан Момышұлының «За нами Москва» кітабын басып шығару және т.б., осының барлығы үшін, фильмде айтылғандай, біз Ташеновке қарыздармыз. Оның қосқан үлесі маңызды шығар, бірақ Қазақ КСР-нің басқа басшылары да көмек қолын созған болар. Айтпақшы, Медеудегі мұз айдыны 1951 жылы құйылды, ал 1970 жылы жасанды мұз кешенін салу туралы шешім қабылданды. Демек, бұл нысанды салуға Жұмабек Ахметұлының қатысы бар деген сөз ойдан шығарылған болып шықты ғой.

АЛ «ЕРЛІК» БОЛДЫ МА?

Енді «қазақ жері үшін күрес» – Тәшенов туралы жазып, айтушылардың басты тақырыбы туралы. «Өткеннің жарығы» фильмінде айтылғандай, ол 1950-ші жылдардың ортасында Оңтүстік Қазақстаннан басталып, оның кейбір жерлерін орталық Өзбекстанға беру туралы шешім қабылдаған. Еш өзгертпей дәйексөз келтірейін: «Хрущев Жұмабек Ахметұлы бастаған арнайы комиссияның аумақты оңтүстік көршінің пайдасына иеліктен шығару туралы бұйрықты негізсіз деп жариялаған қарсылығына қатты ашуланды (осындай қисынсыз тұжырымды оның авторларының аржаданына қалдырайық). Содан кейін не болғаны туралы ештеңе айтылмайды. Шындығында, былай болған еді: 1956 жылы 21-қаңтарда Тәшенов қол қойған республика Жоғарғы Кеңесінің «Бостандық ауданы мен Бетпақдала жерлерінің бір бөлігін Қазақ КСР-інің құрамынан Өзбек КСР-інің құрамына беру туралы» қаулысы шықты.

«Бірақ Хрущев үшін ең тәбетті бөлік – орындалған кеңестік утопия – тың өлке болды», деп жалғастырады Зарина Мұхамедәли. «Никита Сергеевич жаңа әкімшілік-аумақтық құрылым құрып, содан кейін оны Қазақстаннан бөліп алу туралы шешім қабылдады. Мұндай қадамға ашық қарсылық білдірген және оны үзілді-кесілді түрде жасаған республика басшыларының бірі Тәшенов болды, сонысы үшін лауазымынан және кез келген мансаптық перспективадан айырылды», – дейді ол.

БОЛАДЫ?

Хрущевтің идеясы қандай болды, ол бес облысты біріктірген болашақ Тың өлкесінің жерлерін Қазақстаннан шынымен тартып алмақ болды ма және оны қандай нысанда жоспарлады (РСФСР-дің құрамына енгізу немесе 16-шы одақтық республиканы құру) – бұл туралы бүгінде ешкім нақты айтпайды. Оның естеліктерінде де, Қонаевтың естеліктері кітабында да бұл туралы ештеңе айтылмаған. Осы тақырыпқа қатысты ешқандай құжат та, елеулі зерттеу де жоқ. Оны тарихшылар алдағы уақытта жасайды деп үміттенеміз.

Бәлкім, 1960 жылдары Тәшеновтің Тың өлкесінің құрылуы көпжақты комбинацияның алғашқы қадамы деп санауына негіз болып, содан қаймығып, орталыққа ашық түрде қарсы тұруды ұйғарған болар. Тек бұл туралы ешкім білмейді. Бірақ оның демаршының бүгін қалай көрсетілетіні күмән тудырады.

Мысалы, Тәшеновтің Хрущевке айтқан «Егер республика шекарасын өзгерту басталса, халықаралық сотқа (қай сотқа екен?) жүгінуге дайын» екендігі туралы сөзі үнемі еске салынады. «Өткеннің жарығы» фильмінде келесі сөз тіркесі бар: «Жұмабек Ахметұлы жағдайды байсалды бағалады, халықаралық сотқа жүгіну қаупін төндіргені үшін өзін қудалайтынын түсінді». Бірақ егер ол жағдайды байсалды түрде бағаласа, ешқашан мұндай қауіп төндірмес еді. Егер ол солай деп айтса, онда бірден партбилетін үстелге қоюға мәжбүр болар еді және КГБ оның соңына түсер еді. Қазір ғана халықаралық соттарға жүгінуге болады, ал ол кезде бұл туралы ойлауға да болмайтын еді.

Фильмнің тағы бір фразасы: «Қонаев өзінің естеліктерінде Тәшеновтің қорықпайтындығына таңданып, оның: «Туған жерім үшін өзімді құрбан етуге дайынмын» деген сөзін еске алады». Бұл енді фантастика саласынан. Қонаев өз кітабының екі нұсқасында да Тәшеновке назар аударған бір ғана пікірін білдірген. Оның отставкаға кетуіне байланысты: «Ол Министрлер Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істей отырып, республика үкіметінің негізгі жұмыс уәкілеттерін толық қамти алмады. Оның үстінен КОКП Орталық Комитетіне көптеген арыз-шағым түсе бастады. Бұған оның кісімен сыйыспайтын мінезі, ұстамсыздығы, менмендігі әсер етті. Мұның бәрі КОКП Орталық комитетін, Хрущевті оны жұмыстан босатуды ұсынуға мәжбүр етті». Әрине, Қонаев берген бағаны соқыр сеніммен қабылдауға болмайды – ол да субъективті баға. Оны осындай фильмдер мен жарияланымдардың авторлары тарихты қалай бұрмалайтынын көрсету үшін ғана келтірдік.

Қайталап айтамын, мүмкін, Жұмабек Тәшенов қазақ халқына адал қызмет еткен, республиканың аумақтық тұтастығы үшін аянбай күрескен керемет адам болған шығар. Алайда оның есімінің айналасында мифтердің, тіпті ап-ашық өтіріктердің жүруі осы тарихи тұлғаны тиісінше бағалауға кедергі келтіреді.

Жандос АСЫЛБЕКОВ.
«Әділет газеті», 25 ақпан, 2022 жыл



Тамыз айында дүние есігін ашқан Шарипа Нұрханова, Гүлсара Сайдманова, Дариға Жүнісова, Райхан Мурзабекованы туған күндерімен құттықтаймыз!

Жасыл майса жайнаған жаздың жарқыраған күніндегі осы қуанышты сәттеріңізде өмірде бақытты, дос-жолдастарыңыз бен отбасыларыңызға қадірлі де сыйлы болуларыңызды тілейміз! Әрдайым жүздеріңіз нұрға, өмірлеріңіз жырға толсын. Аспандарыңыз ашық, жүздеріңіз жарқын, шаттық-қуаныштарыңыз молынан болғай! Қашанда еңбектеріңіз жанып, жаңа биік жетістік шыңдарына көтеріле беріңіздер! Алланың назарында, бақыттың базарында болыңыздар!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

ТҮРКИЯДА VII ДӘСТҮРЛІ ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ БАСТАЛДЫ

24 тамызда Түркияның Конья провинциясындағы Селжүк университетінде түркі әлемі елдері мен басқа да мемлекеттерден келген жас зерттеушілердің басын қосқан Түркі Академиясының VIII дәстүрлі жазғы мектебі өз жұмысын бастады.

Жазғы мектеп Түркі Академиясы, Түркия Ғылым академиясы (TÜBA) және Селжүк университетінің ынтымақтастығымен, сондай-ақ Коньядағы жергілікті билік органдары мен муниципалитеттердің қолдауымен ұйымдастырылуда.

Ашылу рәсіміне TÜBA президенті Музаффер Шекер, Түркі Академиясының вице-президенті Бүлент Байрам және Селжүк университетінің проректоры Зеки Байрамоглу қатысты. Жазғы мектеп аясында Түркі Академиясы көп жылдан бері ғылыми ынтымақтастық орнатып келе жатқан түркі әлемі елдерінің жетекші ғалымдары мен сарапшылары дәріс оқиды. Олар бір апта бойы жас зерттеушілермен білімдері мен тәжірибелерімен бөліседі.

Биылғы Жазғы мектепке Әзірбайжан,

Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Албания, Босния және Герцеговина, Грузия, Моңғолия, Ресей, Солтүстік Македония және Татарстаннан (Ресей Федерациясы) секілді елдер мен өңірлерден 30-дан астам жас зерттеуші қатысуда. Бір апта ішінде олар дәрістерге, пікірталастарға және басқа да академиялық іс-шараларға қатысып, кәсіби білімдерін жетілдіріп, ғылыми байланыстарын нығайтады.

VIII Жазғы мектептің бағдарламасы түркі әлемінің тарихы мен мәдени географиясын, түркі тілдері мен әдебиетін, өркениеттік мұраны, өнер тарихы мен сәулет өнерін, сондай-ақ дәстүрлі өнер түрлерін қамтиды.

Жазғы мектеп жас зерттеушілер мен жетекші ғалымдарды бір алаңға тоғыстырып, ғылыми пікір алмасу мен кәсіби байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында қалыптасатын ғылыми байланыстар түркі әлеміндегі академиялық ынтымақтастықты кеңейтіп, бірлескен зерттеулер мен ұзақ мерзімді ғылыми жобаларды жүзеге асыруға негіз



SENİN ŞARKI TUTMADI

Çok sevdiğim arkadaşlarımdan biridir Sedef... Uzun boylu, esmer, zayıf, zarif bir kızdır. Kıvrık saçları oldukça gür ve uzundur. Çok hoş sohbet ve neşelidir. Onunla beraber olduğumuz saatler bir su gibi akar adeta... Hemen her gün onunla bir araya gelmek yıllardır değişmeyen alışkanlıklarımdandır. Birlikte çok güzel vakit geçiririz. En küçük bir espiye bile dakikalarca güleriz. Birkaç ay önce “Hayırlısı be gülüm!” sözü diline takılmıştı. Bu söz nedense bize komik gelmişti. Hala bu cümleyi duyduğumuzda göz göze gelince kahkahayı basarız.

Bir keresinde, kahvenin yanında çikolata yoktu. Sedef de ne yapsın evde tatlı bir yiyecek olarak sadece kuru kayısı varmış. Onu getirdi:

- Bağırşaklarımız şenlensin, dedi. Buna bile günlerce güldük.

Sedef ve ben kitap okumayı çok severiz. Bu arada Pucca'yı da çok eğlenceli buluruz. Haftanın bir gününü de Pucca kitaplarını okumaya ayırırız. Birimiz sesli okurken diğeri onu dinler. Yoruldukça okuma nöbetlerimiz değişir. Kitap okuma seanslarımız arasında çay, kahve muhabbetleriyle neşemize neşe katarız.

Sedef, yakın zamana kadar Adana'da büyük bir alış-veriş merkezinde bulunan tanınmış bir giyim firmasında kasa şefi olarak çalışıyordu. İstanbul'da firmanın açtığı müdürlük sınavına girdi. Başarılı olunca firmanın Mersin'deki şubesine müdür yardımcısı olarak tayin edildi. Buna hem çok sevindim, hem de biraz üzüldüm. Daha az görüşeceğimizi düşündükçe bir burukluk kapladı içimi... Artık kitap okuma günlerimiz iptal edilmişti mecburen. İzinli olduğu zaman Adana'ya geldiğinde sadece bir kez görüşme olanağı bulabiliyorduk. Bir kere de ben Mersin'e gittim onu görmeye... Geçen hafta Adana'ya geldiğinde beni yemeğe çağırdılar. Annesi Zeliha Teyze çok lezzetli yemekler hazırlamıştı. Arkadaşım Sedef yanımda, sofraya güzel, sohbet güzel... Daha ne olsun!

Annem çok güzel yemekler yapar. Üstelik de neredeyse bilmediği yemek, tatlı, pasta, salata çeşidi yoktur. Eskiden her hafta balık yapardı fakat bir keresinde balık pişirirken midesi bulandı. O günden beri eve balık sokmaz. Sadece konserve ton balıklarından alır ama kendi yemez. Birkaç yıldır arkadaşlarının ısrarıyla ayda bir kez balık lokantasına gitmeyi alışkanlık edindik. Annem önceleri patates kızartması ve salatadan yerken zamanla bir iki lokma balık da atırtırmaya başladı. Artık tabağındaki balığı bitiriyorsa da evde balık pişirmemeye kararlı görünüyor.

Sedef, bu hafta menüde balık olunca beni tekrar yemeğe davet etmişti. Arkadaşım da annesi Zeliha Teyze de balık sevdiğimi biliyorlardı. Sedef eskiden beri tanıdığım çocukluk arkadaşı Mustafa'yı da davet etmişti. Ben de Mustafa'yı Sedef vasıtasıyla tanımıştım. İkimizin de kardeşimiz kadar sevdiğimiz ortak arkadaşımızdı. Mustafa, her zaman çok hoş sohbet ve oldukça espriliydi. Güzel bir sofrada sevdiğimiz arkadaşlarımızla olmak hepimizi çok mutlu etmişti. Yemek esnasında gülüp şarkılar söylemeye başlamıştık.

Eğlencemiz yukarıdaki komşularının “Susun artık! Burası gazino mu?” diye bağırmasıyla sekteye uğradı ise de kesilmedi. Yemeğin keyifli atmosferine katılan Sedef'in babası Esat Amca aşka gelerek bir şarkı tutturdu. Bu, o güne kadar hiç duymadığımız bir şarkıydı.

“Vay ben öleydim öleydim görmeyeydim gözlerini kara kız!”

Bu defa yukarıdaki katta oturan komşuları sesini daha da yükselterek bağırmaya başladı:

- Burası gazino mu? Kesin sesinizi! Yetti artık ya! Susun!

Mustafa sinirlendi, sonuçta geç bir saat değildi. Saat sekizde dostlarla yenilen bir akşam yemeği idi. Üstelik kalabalık da değildik. Sedef'in ev arkadaşı Gözde, ben, Mustafa, Sedef ve Sedef'in annesiyle babası olmak üzere altı kişiydik. Benim sesim o kadar da güzel değildir. Bu yüzden sadece mırıldanarak katılıyordum bildiğim şarkılarda... Bana göre gürültü yapmıyorduk.

Esat Amca ses tonunu yükselttikçe yükselterek büyük bir coşkuyla:

“Vay ben öleydim öleydim görmeyeydim gözlerini kara kız!” adlı şarkısına coşkuyla tekrar başladı. Sesi kalın do'ya ulaştığı anda yukarıdaki komşu zembereğinden boşanmış gibi haykırmaya başladı:

- Yetti artık yahu! Kesin sesinizi! Burası gazino mu? Ayrıptır be!

O ana kadar sessiz sakın oturan Mustafa hışımla yerinden kalktı. Pencereyi açıp yukarıdaki komşuya bağırmaya başladı:

- Bana bak komşuysan komşuluğunu bil. Evde bir iki şarkı, türkü de söyleyemeycek miyiz? Yemeğimizi burnumuzdan getirdin. Esas sana yeter demek gerekir be! İn aşağıya, in de kozlarımızı paylaşalım!

Yukarıdaki komşu baktı ki pabuç pahalı sesini kesti. Mustafa bize dönerek zafer işareti yaptı. Sessizce masadaki yerini aldı. Sanki az önce pencereden bağırarak kendisi değilmiş gibi Esat Amca'nın kulağına eğilerek yumuşak bir tonda:

- Esat Amca, senin şarkı tutmadı, dedi. Yemek sessiz sedasız son buldu. Sonrasını Sedef anlattı. Birkaç gün sonra iş yerinde elemanlardan birinin “Vay ben öleydim öleydim görmeyeydim gözlerini kara kız!” diye mırıldandığını duymuş ve çok şaşırmış. Eve geldiğinde arkadaşı Gözde'ye bu olayı anlatmış. Gözde ise hayretler içinde kalmış. Şöyle demiş:

- Sedef ya, bu şarkıyı babandan başka bilen var mıymış?

Bu, şimdilerde anlatıp anlatıp güldüğümüz son olaylardan biridir. Artık yeni bir konu çıkana kadar dilimizde Esat Amca'nın şarkısı, Mustafa ve Gözde'nin sözleri doluyor:

“Vay ben öleydim öleydim görmeyeydim gözlerini kara kız!”

- Esat Amca, senin şarkı tutmadı.

- Sedef ya, doğru söyle! Bu şarkıyı babandan başka bilen var mıymış?

GEÇMİŞTEKİ MİSAFİRLİKLER

Yıllar geçtikçe eski günlere duyduğum özlem artar oldu. En çok da çocukluğumu özleyorum son on yıldır... Özellikle annemle babamla kardeşlerimle aynı evi paylaştığımız yıllara dönmek mümkün olsaydı keşke... Ailemi, çocukluk arkadaşlarımı, komşularımızı, eski mahallemizi özledikçe anılarda yolculuğa çıkıyorum. Son yıllarda yazılarımda bol bol geçmişe yer vermemin sebebi budur.

Geçenlerde eski ama eskimeyen öğrencilerimden biri ile konuşurken söz döndü dolaştı eski günlere dayandı. Ben zaten geçmişte yolculuğu çok severim. Hemen çocukluğumdan söz etmeye başladım. Ben çocukken derken yarım yüzyıl öncesinden bahsediyorum yani...

Bir komşuya bir akrabaya ziyarete gideceği zaman önden evin küçük çocuğuyla haber yollarırdı. Söyleyeceği sözler ezberletilirdi. “Tekrar et bakalım ne diyeceksin?” sorusuna “Ayşe Teyze müsaitseniz yarın öğleden sonra annemle anneannem size gelecektir.” diyeceğim cevabını verirdi küçük çocuk... “Müsait” kelimesinin anlamı henüz kirlenmemişti o zamanlar...

Misafir haberiyle ev “bal dök yala” tabir edildiği gibi pırl pırl temizlenirdi. Kişisel temizlik de yapılır, kokular sürünür, misafire kötü kokmanın rahatsızlık vermesin diye yemekte soğan sarımsak yenmezdi. Gelenler en güzel giysilerle ve güler yüzle karşılanırdı. Az önce evde tartışma çıkmış olsa bile bu konu misafire aksettirilmezdi. Evde daima misafire ikram edilmek üzere şeker, çikolata, lokum ve özellikle limon kolonyası bulunurdu. Annem zaman zaman limon kolonyasının yanı sıra limon çiçeği, beyaz zambak, menekşe ve tütün kolonyaları da alırdı. Tütün kolonyası biraz ağır olurdu bu nedenle misafirler pek de tercih etmezlerdi. Zambak çok güzel kokardı ama bana sorarsanız limon kolonyasıyla hiçbirini yarışamazdı. O zamanlar kahverengi küçük bir dikdörtgen prizma şeklinde sütlü-kakaolu kaynana şekerini revaçtaydı. Kaynana şekerine bayılırdım. Ağzımda evirip çevirirken aldığım haz hiçbir şekerde yoktu. Onun tadını hala hiçbir şekerde bulamıyorum. Misafirler salonda veya özel olarak ayrılmış temizlenip kapatılan ev halkının misafirden misafire girebildiği misafir odasında ağırlandırlardı.

Çocuklar misafir gelmeden sıkı sıkıya şöyle tembihlenirlerdi:

“Yaramazlık yapmayın. Gürültü çıkarmayın. Sessiz olun. Büyüklere konuşurken söze girmeyin. Sadece ‘Hoş geldiniz.’ diyip el öpün ve odayı terk edin. Soru sorarlarsa kısa cevaplar verin. Gevezelik etmeyin. Misafirin çocuklarıyla güzel güzel oynayın. Oyuncaklarınızla oynamalarına izin verin.” Cevap da “Peki anneciğim!” olurdu kuşkusuz...

Biraz hal hatır sormanın ertesinde evin hanımı badem şeker, çikolata yoksa kaynana şeker, susamlı akide şeker ve kolonya tutardı misafirlere... Bazen de çocuklara verilir bu görev... Misafirler “Maşallah suphannah büyümüş, kocaman olmuş. Aferin.” diyerek beğendiklerini ifade ederlerdi. Anneler babalar da evlatlarıyla gururlanırlardı.

Akıllı uslu çocuklardık ama arada bir yaramazlık da yapardık istemeden... Bir defasında annem evde yokken dört kardeş kafa kafaya vererek misafir çikolatalarının yerini keşfe çıkmıştık. Evde şekerliği aramadığımız yer kalmamıştı. En sonunda mutfak tezgâhının üstüne çıkarak boyumuzun yetmediği dolapları karıştırmaya başlamıştık. Üstteki raflardan birinin arkasında annemin gümüş şekerliğini bulunca bayram etmiştik. Aldığımız ilk karar sadece birer çikolata yemek ve şekerliği bulduğumuz yere koymaktı. Ancak çikolatalar öyle lezzetliydi ki birer tanesi yeterli gelmedi. İkiser, üçer derken çikolatalar bitivermişti. Bu kez annemiz anlayıp da bize kızmasın diye çikolatalarım yuvarlak

kubbemsi şeklini koruyarak içlerine pamuk koymuştuk. Özenle çikolataların parlak kâğıtlarını kapatmıştık. Aradan geçen zaman içinde yaptığımız yaramazlığı unutmuştuk. Ta ki misafirler gelene kadar! Annem çikolata ikramına başladığında foyamız ortaya çıkmıştı. Misafirler gülmeye başlamışlardı ama biz çok utanmıştık. Annem bize biraz kızmıştı. “Önceden çikolataları yediğinizi söyleseydiniz keşke! Yeniden çikolata alırdım. Misafirlere karşı çok ayıp oldu. Size bu hareketi hiç yakıştıramadım.” diye sitem etmişti.

Şeker ve kolonya ikramının ardından kahve ikram edilirdi. Misafirin oturma süresine göre ikramlar artardı. Çaylar mis gibi demlenir yanında çok lezzetli kekler, börekler ikram edilirdi. İkramda abartıya kaçılmazdı. O yıllarda hazır pasta almak çok önemsenirdi. “Hazır almış.” Veya o yıllarda Adana'nın en gözde pastanesi olan “Mavi Köşe Pastanesinden almış.” diyerek ev sahibinin kendilerine verdiği önemi vurgulamaktan gizli bir haz duyarlardı. Bu arada o pastane ünlü oyuncu Kıvanç Tatlıtuğ'un dedesine aitti.

Misafir habersiz gelmişse çayın yanında bisküviler bulunurdu. Finger yazardı üzerlerinde... İnce uzun, uçları oval, dikdörtgen biçimindeki şekerli bisküvilerdi bunlar... Evde meyve varsa kahveden sonra çaydan önce meyveler ikram edilirdi. Meyve az ise annem meyve salatası yapardı. Biraz alafranga ikram sayılırdı bu da... Yahut yöresel tatlardan kısır, mercimekli köfte, sarımsaklı köfte, fıstıklı köfte gibi bulgur ağırlıklı yiyecekler ev hanımının evde yaptığı turşularla birlikte sunulurdu.

Zamanla bisküvi ikramı küçümsenir oldu. Hazır pasta alma dönemi de aynı akıbete uğradı. Evde yapmak daha makbul bir hal aldı. Kadınlar misafirlerini her seferinde farklı tatlarla buluşturmak için yarışa başladılar. İkramlar arttıkça arttı. Bütçesi yetersiz olanlar da bu yarışta olağanüstü gayret gösterdiler. Her hanım bir diğerinden daha fazla çeşit yapma ve daha farklı lezzetler sunmak isterken iş çığırından çıktı.

Televizyon yoktu. Olsa da her evde yoktu. Sadece çok zenginlerin evlerinde olurdu. Televizyonu olan evlere misafir gittiğinizde istenmemeye başladınız. Ev sahibinin gözü televizyonda tabii sizin de gözünüz televizyonda... Sohbetler önce hal hatır sorma ve kalkarken güle güle faslı dışında tükenmeye yüz tuttu. Sonra her eve televizyon girince misafirlik olayları seyrekleşti. “Bugün benim di-zim var. Yarın senin izleyeceğin maç var. Diğer gün müzik programı var.” derken günlerimizi televizyon programları doldurmaya başladı. Tek kanallı dönemde açılışından başlayarak İstiklal Marşı ile kapanışına kadar izlenirdi televizyon... Şimdiki misafirliklerde televizyon seyretmek bir yana herkesin elinde akıllı cep telefonları derken sohbet de bitti.

Neyse ki ikramlar şimdilerde o kadar abartılmıyor. Şeker ve kolonya tutma geleneği kalktı. Kahvenin yanında çikolata veya kuşlokumu ikramı geleneği şimdilik devam ediyor. Ne olursa olsun annemin pandispanyası ile puf böreğinin tadı hala damağımda... Annemden öğrendiklerimi ben de uyguluyorum. Anne elinin lezzetini yakalıyorum belki ama o günlerin güzelliğini yakalayamıyorum.

Anneanne veya babaanne de evin daimi fertlerinden biri olurlardı çoğu zaman... Eşini kaybetmiş bir aile büyüğünün tek başına oturmasına müsaade etmezlerdi. Artık onun bir köşede dinlenmesi, torunlarıyla vakit geçirmesi gerekirdi. O yıllarda zaten huzurevi diye bir kavram da yoktu. Dolayısı ile huzurevlerine götürmek akıllarından bile geçmezdi.

Bugün çocukluğuma misafir ettim sizleri... Umarım yolculuğunuz keyifli geçmiştir. Sonuçta hepimiz bu dünyada misafiriz. Bunun bilincine vararak daima barış ve kardeşlik içinde dostça yaşayalım. Hepinize yaşamınız boyunca eğlenceli misafirlikler diliyorum.

NOT: Bu yazı 15. 04. 2016 Tarihinde Edebiyat Evi Sitesinde “Yıldızlı Yazı” ve “Günün Yazısı” olarak seçilmiştir.

ӘРҚАЙСЫСЫМЫЗДЫҢ БІР «ЖАБУЛЫ ҚАЗАНЫМЫЗ» БАР ҚАЗІР. СОНДАЙ ЖАБЫҚ ТАҚЫРЫПТЫҢ БІРІ – ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ҰШЫРАҒАН АНАЛАР МЕКЕН ЕТЕТІН «АНА ҮЙІ» РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ.

БҰЛ ОРТАЛЫҚТА НЕБІР ТАҒДЫР, АУЫРТПАЛЫҒЫ МОЛ ӨМІР БАРЫН БІЛСЕҢІЗ ҒОЙ. ОЛ ӨМІРДІ ЕШКІМ АРМАНДАҒАН ЖОҚ, ЕШКІМ ҚАЛАП НЕ СҰРАП ТА АЛМАДЫ. ҚАПИЯДА ОТ БАСЫП ҚАЛҒАН ЖӘУДІРКӨЗДЕР. ЕНДІ ОЛАРДЫҢ ӨКІНІШ ПЕН АЩЫ ЫЗАДАН МОНШАҚТАП АҚҚАН ЖАСЫН КІМ СҮРТЕДІ?! ИӘ, ӘРҚАЙСЫСЫМЫЗДЫҢ «ЖАБУЛЫ ҚАЗАНЫМЫЗ» БАРЫН ЕСКЕ ТҮСІРІП, ӨЗІМІЗ АШПАЙТЫНДАЙ АРЫ АЙНАЛЫП ӨТЕТІН «АНА ҮЙІНІҢ» ЕСІГІН ҚАҒЫП КӨРСЕК ШЕ?

ОНДАҒЫ ТАҒДЫРЛАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСҚАН СОҢ, БОЛАШАҚТА СОНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА СЕПТІГІМІЗДІ ТИГІЗІП ҚАЛАРМЫЗ. ҚАЗАҚТЫҢ ӘР ҚЫЗЫНА ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН, ТҮСІНІСТІКПЕН ҚАРАСАҚ, ҚАНЕ?! БАРЛЫҚ АДАМНЫҢ ЖАҚСЫ ӨМІРДІ ҚАЛАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚЫЗ БАЛАСЫ КӨП ЖАҒДАЙДА АТА-АНАСЫН ҚАТТЫ ОЙЛАП ЖҮРЕДІ ЕМЕС ПЕ?! СОНДЫҚТАН ЖҰМЫСҚА ЖЕГІЛІП, ОЛАРҒА КӨМЕКТЕСЕМІН ДЕП ЖАНЫҒЫП ЖҮРІП ҚАТЕГЕ ҰРЫНЫП ҚАЛАТЫН ЖАЙТТАР ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, МҰНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДЫҢ ТЫМ ТӨМЕНДІГІНЕН БЕ ДЕЙМІЗ. СОНДЫҚТАН НӘЗІК ЖАНДАРЫН ШҮБЕРЕККЕ ТҮЙІП, ӨМІРМЕН КҮРЕСІП ЖҮРГЕН АРУЛАРЫМЫЗДЫҢ, АНАЛАРЫМЫЗДЫҢ КӨҢІЛДЕРІНЕ ТИЕТІН СӨЗ АЙТПАЙ, АБАЙЛАП СӨЙЛЕССЕК ҚАНЕ?!



Сағат кешкі тоғыздарда балам келді: «Мама есіктің алдында бір әйел ойбайлап жылап жатыр», – дейді. Сыртқа шықсам, Асылай: «Апай кешіріңізші, баламды қайтарыңызшы, қайтармасаңыз мен қалай өмір сүремін?» – деп жылап тұр. Оны құшақтап алдым да, көлік жалдап перзентханаға тарттық. Дәрігерге жағдайды хабарлап қойдым. Баланы олардың келісімінсіз ала алмайтын едік. Біз барғанда олар да жағдайымызды көріп, баланы беруге

келісті. Сөйтіп, баланы алып келдік. Сол кездегі бір қуанып, бір жылағаным есімнен кетпейді. Сол қыздың оқиғасы басқа қыздарымызға да өте мықты сабақ болды. Ешкім баласын тастамады. Өзіңіз ойлаңызшы, жас ана, мәселесі бастан асды. Не ақшасы жоқ, не жұмысы жоқ, қолында бала. Баланы туғанына қуана да алмай қалған. Көмектесетін ешкімі жоқ. Мұндай жағдайда баладан бас тартпағанда не істейді аналар. Осындай қиын кезде демеп жіберу «Ана үйінің» мақсаты. Ол қызымыздың қазір жағдайы жақсы, шаштараз. «Сол күнді ойласам, шошып оянамын», – дейді өзі. Бұл бұдан бес жыл бұрын болған жағдай еді.

ҮЙЛЕНУ ОҒАЙ...

Орталық маманы Майра Тұрсынбаева бір шаңырақ астындағы адам-дардың бір-бірімен тіл табыса ал-мауының басты себебі, отбасын құру жағдайына атүсті қарайтындығымен түсіндіреді. Жауапкершіліктің аздығы, жалақының төмендігі, қаржы жетпеуі, баспананың жоқтығы, жұмыссыздықтың ұрыс-керіске бастайтынын айтады.

«Мемлекеттен қаржылай көмек алмаймыз. Әр қалада, әр үйдің жеке меценаты бар. Бұл Қазақстанның қалталы азаматтары қаржыландырып отырған үлкен қор. Балалардың тамағынан бастап, жөргегіне дейін, үйдің жалдау ақысына дейін түгел осы кісілер көтеріп алады. Ал заңдық, әлеуметтік көмек, тіркеуге тұру, баланы босандыру деген сияқты жұмыстарда тиісті мекемелермен тығыз байланыс орнатқанбыз. Басында бір-ақ салада жұмыс істедік. Ол – әлеуметтік жетімдіктің алдын алу. Ана мен балаға пана болып, олар аяқтанып кеткенше демеу жасадық. Бірақ қанша тырысқанымызбен Балалар үйіндегі балалар азайған жоқ. «Ана үйі» көп жағдайда Балалар үйіне сәбилердің түсуін қысқартты деп сеніммен айта аламыз. Біздің критерий бойынша бізге келетін балалардың жас мөлшері бір жас пен үш жас аралығы. Ал үш жастан жоғары қаншама сәби Балалар үйіне түсіп жатыр? «Балажан» атты тармағымыз Балалар үйінен шыққандарға көмек көрсетеді, жөн сілтеп, бағыт береді. Колледж, басқа да оқу орындарын бітіргеннен кейін де Балалар үйінен шыққан жеткіншектерге қарайласады. Жетімдіктің түп-тамырын зерттей келе, жас аналарымыздың балаларын амалсыздан тастауға тура келетінін білдік. Соның салдарымен жұмыс істеп жүрміз. Енді колледж, ЖОО оқу орны студенттеріне және үлкен сыныптың мектеп оқушыларына да ерте жүктіліктің алдын алу, оған жоламау, сақтандыру тармақтары бойынша жобалар бар. Әрине, аталған ЖОО немесе білім беру мекемелерінің келісімімен жұмыс істейміз», – дейді Майра Тұрсынбаева.

Орталық маманы жағдайдың бар-лығы отбасылық құндылыққа, тәрбиеге байланысты екенін айтады. Отбасында ата-аналар балаға көңіл бөлсе, қалаға оқуға кеткен балаларын қадағаласа, назар аударса, аналар қызымен құрбы-сындай сөйлессе, мемлекет жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтыса және жала-қыларын тек күнкөріс, тіршіліктеріне жете-тіндей ғана етпей өмір сүре алатындай деңгейге көтерсе жоғарыда айтылған көп келеңсіздіктердің алдын алар едік деген пікірін айтты.

Әзірлеген
Элеонора ЫБЫРАЙҚЫЗЫ

«МЫҢНАН АСА АНА МЕН БАЛАҒА КӨМЕК БЕРДІК»

Алматы қаласындағы №1 «Ана үйі» ресурстық орталығының аймақтық маманы Майра Тұрсынбаева орталықтың жұмысына он жыл толғанын айтады. «Елімізде 18 қалада 22 «Ана үйі» бар. Алматы қаласының өзінде қазір үш орталық жұмыс істейді. Он жыл ішінде Қазақстан бойынша жалпы саны алты мыңнан аса ана мен балаға, тек Алматы қаласынан мыңнан аса ана мен балаға көмек бердік» дейді ол. Майра Тұрсынбаеваның сөзінен түйгеніміз, орталық – Қазақстан бойынша жетім бала қатарын азайтуға бел шеше кіріскен: «Өзінің биологиялық ата-анасы тірі тұрған сәби неге Балалар үйінде өсуі керек? Мамандарымыздың зерттеуі бойынша «Балалар үйіндегі» сәбидің көпшілігінің ата-анасы бар. Ата-ананың баласын тастап кетуінің негізгі себебі, әлеуметтік жағдай дер едім. Қыздарымыз мектеп бітіреді, қалаға келеді, оқуға түседі, оқуға түсе алмай қалса, жұмысқа орналасады. «Ата-анасына қандай да бір көмегін тигіземін» деп жұмыс істейді. Жас болған соң айналасымен араласады, жігітпен дос болады. Қыз бала сенгіш келеді, «үйленемін» деп серт берген жанға тағдырын тапсырады. Ал аяғы ауырлағанда жалғыз қалғанын түсінген ол өз ұятына өртеніп, әрі туған-туыстардың сөзінен қорқып, туғандарына, ауылына бара алмай, босанғаннан кейін баласынан перзентханада бас тарту мысалы көбейіп келеді».

Осындай қиын жағдайға тап болған, қолында кішкентай ғана балапаны бар, баратын жері, басатын тауы жоқ қыздарды қолдап, қорғайтын орталықта бірінші, алданып қалған жас аналар, екінші, қылмыстық іс ретінде саналып, ісі сотқа кеткен, яғни зорлық көрген қыздар, үшінші, отбасылы азаматтарымызға сеніп, жалғыз қалған жас қыздар көбірек екен. Қор қазір тұрмыстық жағынан өте қиын жағдайға тап болған аналарды да қамқорлығына алып бастаған. Жолдасы ішімдікке салынып кеткен, 2-3 баламен өте төмен тұрмыстық жағдайда қалған аналарды да орталыққа алуға бағытталып жатыр.

Майра ТҰРСЫНБАЕВА

ЖӘБІР КӨРУ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Бұл орталықта түрлі жастағы аналар бар. Майра Тұрсынбаеваның айтуынша, орталық алғаш ашылған жылдарда бір жарым жасқа дейінгі баласы бар, отыз жасқа дейінгі және ай-күні жақындаған ананы қабылдаған. Қазір орталыққа келушілердің жасы да ұлғайыпты. Орталықтың аймақтық маманы жасы қырықтан асқан әйелдерді де қабылдауға тура келіп отырғанын тілге тиек етті: «Қабылдауға тура келіп тұр. Тіптен бір баламен ғана емес, үш балалы анадан да бас тарта алмаймыз. Күніне бізден пана сұрап кем дегенде бес қоңырау шалынады. Алғаш ашылғанда бізден көмек сұрайтын көбінесе оң босағада отырған қыздарымыз ғана еді».

Орталық мамандары келген әйелді бірден сұрақтың астына алмайды. Себебі, «Әр ананың жай-күйі, жағдайы қандай, күйзелісте жүр ме? Әуелі саралаймыз. Орталыққа орналасқан соң бір-екі күн бейімделуге уақыт береміз. Жай ғана әңгімелесіп, жағдайын сұрап, балаларына тамақ беріп жүргенімізде, біздің әрекетімізді көріп, ана өзі ашылады. Әу бастан сұрақтың астына алсақ, ана нақты ақпарат бермеуі, өтірік айтып қалуы, жасыруы мүмкін. Оның сеніміне кіргеннен кейін, өзіне қауіп төніп тұрмағанына ананың көзі әбден

жеткен соң, оған, оның балаларына тек жақсылық ойлайтынымызды білгеннен кейін өзі тағдыры мен құпиясын сеніп, айтады. Қолдау тапқанына қуанады. Психолог мамандарымыз жеке, топпен де жұмыс істейді. Психолог арнайы диагностика жасап, ананың қандай көмекке мұқтаж екенін анықтайды. Психикалық ауытқу болса, ананың өз келісімімен мамандарға көрсетеміз болмаса туыстарына хабарласамыз».

Орталық алғаш ашылған жылдары 90 пайыз оң босағада отырып қалған қыздар не оның туыстары, құрбылары хабарласады екен. Тұрмыста қорлық көрген аналарды көп жағдайда «Жансая» орталығына бағыттаса, кейбіріне өз есігін ашады.

Орталық маманы осы күні микрозайм несиесіне белшенінен батқан болашақ аналар да бар екенін айтады. «Айы-күні жақындаған әйелді еш жерге жұмысқа алмайды, босанған соң, ана еш жерде тіркеуде тұрмағаннан кейін, баланың қосымша жөргекпұлы да болмайды. Тұрмыс тауқыметінен қыздарымыз күйзеліске түседі. Ал жүкті әйелдің күйзелісі іштегі баланың дамуына, жүйке жүйелеріне зиян. Мұндай жағдайда дүниеге келген бала ашуланшақ, мазасыз», – дейді Майра Тұрсынбаева.

«БАЛАМДЫ ҚАЙТАРЫҢЫЗШЫ»

Орталық маманы Майра Тұрсынбаевадан өзі куә болған оқиғалардың бірін айтып беруін сұрадық:

– Негізгі мақсатымыз – жетімдіктің алдын алу, ата-анасы тірі тұрғанда балаларды жетімдер үйіне өткізбеу. Бізде Асылай (аты өзгертілді. – ред) атты қызымыз болды. Аяғы ауырлап келді. Босанбастан баласынан бас тартты. «Апай, бас тартпасам болмайды, керегі жоқ, мен оны жақсы көрмеймін. Ол мен жақсы көрмейтін адамнан көтерген бала», – деп ашып айтты. Басында өте тұйық еді. Бір айдан кейін перзентханаға апардық, босанды. «Баламды тастаймын да, тастаймын», – деді. Босанғанда сәбиін кеудесіне қойдық, бірақ емізуден бас тартты. Психолог та, дәрігер де, біз де – біраз маман болып қадағалап, Асылайдың төңірегінде жүрміз. Әрқайсысымыздың ішімізде «Баланы қабылдаса» деген тілек бар. Бірақ Асылай: «Баланы тастаймын, болмаса, мен орталықтан кетейін, бала орталықта өссін», – деді жылап. Амал жоқ қажетті мамандарды, инспекторларды, жедел-жәрдемді шақыртып, жаңа туған нәрестені Балалар үйіне отырып рәсімдедік. Босанған анамыз «Баладан бас тартамын» деп хат жазды. Бірақ дәрігерге «Бірің күн күте тұрыңыздар, хабарын береміз», – деп айтып қойдым. Ананы орталыққа алып келдік. Баланы бізден алып бара жатқанда көлік жүргізушімізге дейін жылап қалды. «Қалай көмектесе алмадық, ана неге баласынан сонша жерінді?» деп көзіме ыстық жас келді. «Осы да дұрыс шығар, бәрі біз ойлағандай жүз пайыз оң бола бермейді ғой. Бұл да Алланың жазғаны болар, баланы алғысы келмей тұрса кейін оған қалай қарайтынын білмейміз ғой» деп өзімді жұбаттым.

«Ана үйіне» келгеннен соң, босанған анамызға: «Ал енді өз-өзіңе кел. Сенің әр шешіміңмен келісеміз. Мінде-тіміз ешкімді мәжбүрлемей», – дедік. Анамыз ертесіне орталықтан кететін болды. Жұмыс уақытын аяқтап, өз үйіме оралдым. Үйге келіп, кешкі асымызды ішіп отырғанбыз. Қыс мезгілі еді.



ОН КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БІРНЕШЕ МАЗМҮНДІ КЕҢІСТІКТІ БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРДЫ: ЧЖЭНЧЖОУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СМАРТ-АУДИТОРИЯЛАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАРЫ, ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ӨРКЕНИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ӘНГІМЕ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ПІКІРТАЛАСТАРЫ, ЛУНМЭНЬ ҮҢГІРЛЕРІ МЕН ШАОЛИНЬ ГИБАДАТХАНАСЫНА САПАР, СОҢЫНДА ЖАҢА УНИВЕРСИТЕТТЕР АЛЫАНСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. 2026 ЖЫЛҒЫ 25 ШІЛДЕ МЕН 3 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН «ЖІБЕК ЖОЛЫ» ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ ОСЫЛАЙША ОҚУ КУРСЫНАН АУҚЫМЫ КЕҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУГЕ АЙНАЛДЫ.

ЖІБЕК ЖОЛЫ

БІЛІМ мен ҒЫЛЫМДЫ

ҚАЙТА ТОҒЫСТЫРДЫ

Бағдарламаға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ресейден келген жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Алты елдің ғалымдары, оқытушылары мен жас зерттеушілерінің бір алаңда бас қосуы жазғы мектептің халықаралық ауқымын айқындап, кәсіби тәжірибе алмасуға және жаңа академиялық байланыстар орнатуға мүмкіндік берді.

Жазғы мектеп пен оның аясындағы халықаралық ғылыми конференцияға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорлары мен докторанттары да қатысты. Қазақстандық делегация үшін бұл сапар дәріс тыңдаумен шектелген жоқ: профессорлар шетелдік әріптестерімен ғылыми ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын талқыласа, докторанттар халықаралық академиялық ортадағы пікірталастарға, баяндамаларға және кәсіби кездесулерге тікелей қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Жоба Чжэнчжоу университетінің Шет тілдер және халықаралық қатынастар институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институттарының өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асты. Бағдарламаны дайындауға Чжэнчжоу университетінің халықаралық ынтымақтастық және аймақтық зерттеулерге жауапты құрылымдары да атсалысты. Жалпы көлемі 72 академиялық сағатты құраған оқу ағылшын, қытай және орыс тілдерінде жүргізілді.

Жасанды интеллект оқытушының жұмысын қалай өзгертеді? Заманауи курсты деректерге сүйеніп қалай жобалауға болады? Алғашқы таныстықты бірлескен зерттеуге қалай айналдыруға болады? Дәрістер мен талқылаулар осы практикалық сұрақтардың төңірегінде өрбіді. Ғылыми-зерттеу әдіснамасы, академиялық жазу, цифрлық педагогика, мәдениетаралық коммуникация және халықаралық коллаборация тақырыптары Чжэнчжоу университетінің смарт-аудиториялары, кітапханасы мен зерттеу инфрақұрылымын аралаумен толықты. Сондықтан қатысушылар жаңа тәсілдер туралы естіп қана қоймай, олардың университет тәжірибесінде қалай іске асырылатынын көрді.

Бағдарламаның өтуі мен мазмұндық өзегінің қалыптасуына Қытай тарапынан халықаралық деңгейде танылған тарихшы, Чжэнчжоу университетінің профессоры Вэй Чусюн айрықша үлес қосты. Оның қолдауы мен ғылыми беделі өртүрлі академиялық дәстүр өкілдерін бір ортаға жинауға мүмкіндік берді. Профессор Вэй Шығыс пен Батыс өркениеттері мен дипломатиялық дәстүрлерін салыстыруға, сондай-ақ Қытайдың дәстүрлі философиясы мен өнеріне арналған дәрістер өткізді. Бұл дәрістердің негізгі арқауы мәдени айырмашылықты кедергі ретінде емес, өзара тану мен тең диалогтың мүмкіндігі ретінде қарастыру болды.

Қазақстан тарапынан сапардың дайындалуы мен академиялық мазмұнына философия

ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Зейнабіл Смаилханұлы Айдарбеков елеулі үлес қосты. Ол конференцияның ашылуында шетелдік қатысушылар атынан сөз сөйлеп, Ұлы Жібек жолындағы мәдениеттер мен өркениеттер диалогы туралы пленарлық баяндама жасады. Бірлескен зерттеу орталықтарын құруды, академиялық алмасуды кеңейтуді ұсынуы және Чжэнчжоу университетінің өкілдерін Алматыға шақыруы кездесудің жалғасы нақты жобаларға ұласуы тиіс екенін аңғартты.

Қытай мен Қазақстандағы серіктестер арасындағы байланыстырушы буын Жібек жолы елдерінің университеттері мен консалтингтік компаниялары қауымдастығының төрағасы Нұржан Байтемиров болды. Оның жүйелі жұмысы кәсіби байланыстарды бағдарламаға, ал бағдарламаны ғалымдар мен университет өкілдері бас қосатын нақты алаңға айналдыруға ықпал етті. Көп тарапты академиялық жобада бір-бірінің білім беру ортасын түсінетін дөңкер тұлғаның маңызы осы тұста анық көрінді.

1–2 тамызда жазғы мектеп Қытай мен Орталық Азия арасындағы мәдени алмасу және дәстүрлі емес қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа арналған халықаралық ғылыми конференцияға ұласты. Күн тәртібіне мәдени жады мен білім беру ынтымақтастығынан бастап экологиялық қауіпсіздікке, қоғамдық денсаулыққа, киберқауіпсіздік пен ақпараттық орнықтылыққа дейінгі мәселелер енді. Вэй Чусюн мен Зейнабіл Айдарбеков негізгі баяндамашылар қатарында болып, Жібек жолын тарихи-философиялық тұрғыдан пайымдауды өңірдің бүгінгі міндеттерімен сабақтастырды.

Кездесудің ең нақты нәтижесі Қытайдың Хэнань провинциясы мен Орталық Азия университеттері альянсының құрылуы болды. Оған Хэнань провинциясының 17 жоғары оқу орны және оннан астам шетелдік университет бастамашы болды. Алғашқы жұмыс отырысында бірлескен зерттеулер мен академиялық басылымдар, ғылыми еңбектерді аудару, студенттер мен оқытушылардың екіжақты ұтқырлығы, ортақ білім беру бағдарламаларын әзірлеу сөз болды. Осы альянстың құрылуы Жібек жолының тарихи мұрасын қайта жаңғыртып, қазіргі кезеңде өңірлік академиялық әріптестікті дамыту арқылы білім мен ғылыми ынтымақтастықтағы жаңа кезеңнің басталғанын көрсетті. Бұл қадам жазғы мектептің бір реттік іс-шара емес екенін және ынтымақтастықтың институционалдық арнаға бет алғанын көрсетті.

Бағдарлама аясындағы шығармашылық тапсырма да қатысушыларды жақындастыра түсті. Әр елдің өкілдері өз елінің мәдениеті мен

ұлттық дәстүрлерін таныстырды. Қазақстандық делегация домбырада күй орындап, «Қара жорға» биін билеп, «Атамекен» әнін шырқады және қонақтарға қазақ дастарқанынан дәм ұсынды. Бұл кеш ресми таныстырылымнан гөрі мәдениеттердің шынайы жүздесуіне айналып, қатысушыларға Қазақстанның рухани мұрасы мен қонақжайлылығын жақынырақ танытты.

Академиялық диалог аудиториядан тыс жерде де жалғасты. Лоян қаласы, Лунмэнь үңгірлері, Шаолинь ғибадатханасы мен Хэнань провинциясының мұражайы қатысушыларға дәрістерде айтылған өркениет, мәдени жады және дәстүр сабақтастығын тарихи ортада пайымдауға мүмкіндік берді. Осылайша мәдени бағдарлама негізгі оқудан бөлек қосымша бөлім емес, оның мазмұнын нақтылай түскен жалғасы болды.

ҚазҰУ профессорлары үшін сапар жаңа әріптестермен жұмыс бағыттарын нақтылауға, ал докторанттар үшін халықаралық ғылыми ортаның қалай жұмыс істейтінін тікелей көруге мүмкіндік берді. Профессор Вэй Чусюн мен Зейнабіл Смаилханұлы Айдарбековтің қолдауы, Нұржан Байтемировтің байланыстырушы еңбегі бағдарламаның мазмұнды өтуіне негіз болды. Ендігі нәтиже келесі кездесулерден, ортақ зерттеулерден, жарияланымдар мен академиялық алмасудан көрінбек.

Жібек жолы бұл жолы картадағы көне бағыт ретінде емес, пікір алмасып, ғылыми ынтымақтастық орнатқан ғалымдардан, жаңа сұрақ қойған докторанттардан және ортақ жобаларды жүзеге асыруға дайын университеттерден көрінді. Бұл үрдіс Жібек жолы мұрасын қазіргі заманның академиялық тәжірибесімен ұштастырды. Осы кездесулер нәтижесінде өткеннің мәдени және тарихи байланыстары бүгінгі күндегі білім мен ғылым саласындағы нақты және тұрақты серіктестікке жол ашатыны байқалды. Бұл бағыттың артықшылығы – тарихи жақындықты жай ғана естелік ретінде емес, өңірлік интеграция мен бірлескен зерттеуге негіз болатын әлеуметтік-ғылыми капиталға айналдыруында. Мұндай диалогтар өзгермелі жаһандық ортада аймақтық білім беру жүйелерінің өзара байланысын нығайтып, академиялық қауымдастықтардың дамуына жаңа серпін береді.

Жібек жолы қайтадан білім жолына, тарихқа құрмет ғылым мен білімнің болашағын бірлесе құруға мүмкіндік беретін кеңістікке айналып келеді.

Перизат ЕЛУБАЕВА
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЕЛ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН АРДАҚТЫ ЖУРНАЛИСТ ЕДІ...

Түркі халықтары мәдениеті қорының белсенді мүшесі, мәдениет пен руханият жанашыры Хафиза Ахметова апайдың туған әпкесі, белгілі радиожурналист Ләтипа Ахметованың өмірден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, Хафиза апайға және марқұмның туған-туыстарына қайғыларына көңіл айтамыз.

Ләтипа Ахметова – журналистика саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, елдің рухани өміріне өзіндік үлесін қосқан, ұлттық құндылықтарды насихаттаған білікті маман, парасатты тұлға еді. Оның журналистік жолы, азаматтық ұстанымы мен адамдық болмысы әріптестері мен оны таныған жандардың жадында сақталады.

Адам өмірден өтеді, ал оның елге сіңірген еңбегі, артында қалдырған жақсы аты мен жарқын ізі халық жадында қалады.

Осы ауыр қазаға байланысты Хафиза Ахметова апайға, марқұмның туған-туыстары мен жақындарына Алладан сабыр, жүректеріне медет тілейміз.

Марқұмның иманы саламат, жаны жаннатта, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!



Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы, Түркі халықтары мәдениеті қоры

ТҮЯҚ ҚАЗКЕНҚЫЗЫ ЕСҚОЖИНАНЫҢ
РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Тарихтың тұнығына үңілсек, түркі әлемінің, жер шарының дамуына, халықтардың өркендеп, алға басуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларды аңғарамыз. Әсіресе қазақ қыздарының медицина, астрономия, математика, философия, филология және өнер салаларына қосқан үлесін айтып тауысу мүмкін емес.

Ал адам тәрбиесі – одан да үлкен жауапкершілік. Анасыз қалған сәбилердің жүрегіндегі жараға жылу сыйлап, олардың қамыққан көңіліне жол табу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Бұл үшін үлкен жүрек, шексіз мейірім мен адамгершілік қасиет қажет.

Осындай асыл қасиеттерді бойына тоғыстырған, елге танылған әйел, аяулы ана, ардақты азаматша – Тұяқ Қазкенқызы Есқожина еді.

Тұяқ апайдың бүкіл ғұмыры – адамға деген сүйіспеншіліктің, аналық мейірімнің және азаматтық жауапкершіліктің үлгісі. Ол 920-дан астам баланы бауырына басып, олардың тағдырына араласып, өмірден өз жолын табуына жағдай жасады. Әр баланың жүрегіне үміт ұялатып, өміріне өшпес із қалдырды.

Мұндай ұлы жүректі, жайсаң жанды, ел үшін еңбек еткен әйелдер біздің заманымызда саусақпен санарлықтай. Тұяқ апайдың жасаған жақсылығы мен адам тағдырына қосқан үлесі ешқашан ұмытылмайды.

Қазақтың асыл қызы, ардақты ана, адам жүрегіне жол таба білген Тұяқ Қазкенқызының дүниеден өтуі – баршамыз үшін орны толмас қаза.

Аруағына бас иіп, дұға бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Тұяқ анамыздың есімі де, ізгі ісі де, жүрегіне жылу берген жүздеген баланың тағдыры да – оның мәңгілік ескерткіші.

Қазақтың асыл қызы Тұяқ апай біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Түркі халықтарының мәдениет қоры
А. ДАҒДҰРАН



Баян Хаджи-Мухановна 1961 жылғы 20 қыркүйекте Қарағанды облысының Приозерск қаласында дүниеге келген. 1978 жылы С.Ковалевская атындағы №36 орта мектепті тәмамдап, сол жылы Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясына оқуға түседі. 1983 жылы Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Архитектура» мамандығы бойынша толық аяқтап, сәулетші біліктілігін иеленді.

Еңбек жолын таңдаған кәсібіне адалдықпен арнаған Баян Хаджи-Мухановна ҚАЗДОРПРОЕКТ, Казпроектреставрация, Казпромстройниипроект сынды мекемелерде инженер болып қызмет атқарды. Сәулет пен құрылыс саласында жинаған білімі мен тәжірибесін кәсіби еңбегіне арнады. Сонымен қатар №120 орта мектепте сызу пәнінен сабақ беріп, шәкірттерге білім үлестірді. Кейін RENKO компаниясында камеристка болып еңбек етті.

Баян Хаджи-Мухановна шығармашылықтан да қол үзбе-

Ғибратты ғұмыр иесі

Адам ғұмырының мәні – артында қалдырған ізінде, елге сіңірген еңбегінде, ұрпағына берген тәрбиесі мен жақындарының жүрегінде қалған жарқын естелігінде. Осындай өнегелі ғұмыр кешкен аяулы жан, білікті сәулетші, ұстаз, қаламгер Ильясова Баян Хаджи-Мухановна дүниеден озды.

ген, рухани дүниесі бай жан еді. Халықаралық «Түркі әлемі» газетінде оның екі мақаласы жарық көріп, түркі дүниесіне деген қызығушылығы мен қаламгерлік қыры оқырманға таныла түсті. Оның жазған дүниелері өзіне жақын тақырыптарға деген ізденісін, ой-толғамын аңғартатын.

Өмір жолында ол Намазбеков Бағдаулет Қожахметұлымен отбасын құрып, қызғалдақтай қыздарды тәрбиелеп өсірді. Ана үшін перзентінің қызығы мен қуанышы – өмірдің ең үлкен бақыты. Баян Хаджи-Мухановна да бар ғұмырын отбасының берекесі мен балаларының болашағына арнаған аяулы ана болды. Үш қызына мейірімін төгіп, ақылын айтып, өмір жолында бағыт-бағдар беріп отырды. Жақындары үшін Баян Хаджи-Мухановнаның орны бөлек еді. Оның жылы сөзі, қарапайым болмысы, адамға деген ықыласы мен отбасына деген қамқорлығы оны таныған жандардың жүрегінде сақталады. Артында аяулы жарының, үш қызының, туған-туыстары мен достарының сағынышы, сондай-ақ елге сіңірген еңбегі мен шығармашылық мұрасы қалды.

Жақсының ғұмыры – жарық жұлдыз секілді. Өзі бақилық болғанымен, артында қалдырған жақсы аты мен ізгі істері, ұрпағының жүрегіндегі аяулы бейнесі өшпейді.

Баян Хаджи-Мухановнаның дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстарына, қыздарына, жақындары мен барша ағайынға қайғырып көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Иманы саламат, жаны жаннатта болғай. Артында қалған ұрпағына Алла Тағала күш-қуат беріп, сабыр етсін.

Халықаралық «Түркі әлемі» газеті ұжымы атынан

Құрбым, жан құрбым...

Өмір жолымда бірге қуанып, бірге мұңайған, талай жылдар бойы жанымнан табылған аяулы құрбым, перзентімнің кіндік анасы Рауза Анварбековна Хасанованың өмірден озғанын қабылдау мен үшін орны толмас қайғы.

Рауза Анварбековна ғылым мен білім саласына бар ғұмырын арнаған білікті ғылыми қызметкер, тәжірибелі оқытушы, ардақты ұстаз болатын. Ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, «Металлургия редких металлов» пәнінен дәріс берді. Өз ісіне адалдығы, кәсіби білімі мен ұстаздық жауапкершілігі оны әріптестері мен шәкірттеріне сыйлы етті.

Ол білімді ғана емес, адамдық қасиеті биік, жүрегі кең, айналасына жылу сыйлай білетін ерекше жан еді. Мен оның сабырлы мінезін, ақылын, адамға деген адалдығын, достыққа беріктігін ешқашан ұмытпаймын.

Асыл құрбым, жаның жәннатта болсын! Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болғай. Сенің жарқын бейнең, ізгі жүрегің мен адамдық болмысың менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Хафиза АХМЕТОВА, Түркі халықтары мәдениеті қорының белсенді мүшесі



Меншік иесі:

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ
ҚОРЫ Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

Түркі халықтары мәдени қоры
Әйелдер комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК

Түркі халықтары мәдени қоры
Зиялылар комитетінің төрайымы –
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады

ИНДЕКСІ: 65862

*ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.*

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 5 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

**Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40**

e-mail: thmv_almati@mail.ru <https://turkhalklarimedeniyetivakfi.kz/tr>

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Тұрсын ҒАБИТОВ
Мұсат ИМАНҚҰЛ**

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Меншікті тілші:
Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ
МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман
университетінің доценті – Байланыс телефондары:
Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)
қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ,
Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

çiçek mangal

ТУРЕЦКАЯ КУХНЯ

Instagram: [cicek_mangal](#)
Facebook: [cicek mangal](#)

1. г. Алматы, ул. Кунаева 64
тел. + 7 727 273 0268, сот. + 7 702 918 9001
2. г. Алматы, ул. А.Нусупбекова 26/11а-11
тел. + 7 727 397 6667, сот. + 7 701 639 4434.
3. г. Алматы, проспект Назарбаева 226, МФК RAMSTORE ALL IN
тел. + 7 727 279 2222, сот. + 7 702 152 9998

HÄUSLER

Тұрмыстық техника және электроника

ҮЙІҢІЗ ҮШІН СЕНІМДІ САПА

Заманауи технологиялар,
сенімділік және ар бағасыменгі стиль

- СЕНІМДІЛІК**
Ұзақ мерзімді жергілікті
бүл біздің кәсіпшілігіміз
- ТЕХНОЛОГИЯ**
Инновациялық шешімдер
сіздің қолайлылығы үшін
- СТИЛЬ**
Заманауи дизайн
сіздің үйіңіздің үйлесімі

БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖЕЛІДЕМІЗ

Instagram: [hausler_tehnika](#)
YouTube: [HauslerTehnika](#)
Website: [hausler.com.kz](#) Ресми сайт

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ –
БІЗДІҢ БАСТЫ
БАҒЫТЫМЫЗ!

Кез келген сұраққа
қуана жауап береміз!

КІР ЖУАТЫН МАШИНА
Тіптіңді және қолға
ұқтырып күйте

ЫДЫС ЖУАТЫН МАШИНА
Таза ыдыс — қосылған
қуы салмай-ақ

ПЕШТЕР
Кез келген рецептпен
тамаша нәтиже

ҰСАҚ ТЕХНИКА
Міндетті әрі күнделікті
өмірге қажет

Байланыс телефоны
+7 (700) 252-10-10

Алматы қ., Райымбек даңғылы, 223Д
Қазақстан

РЕСМИ ӨКІЛ
«REGNUM» LLP

BAR SAN

ТЕЛЕФОН АКСЕССУАРЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНДАР

Түркі Халықтары Мәдени Қоры

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ

Мүшелеріне жарамды

ЭКСТРА
20%
ЖЕҢІЛДІК
Мүшелеріне жарамды

SAFALY ӨНІМДЕР | СЕНІМДІ ҚОРҒАУ | ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАЛАР | КЕҢ ТАҢДАУ

kaspi magazin | Магазиніміз
Seven Shop

QR code: [Kaspi.kz](#) қосымшасында
ізденіз

ТРЦ «Atakent Mall» Студент, бутик 6, Тимирязева 42, к3
+7 776 362 5396 | +7 702 957 8272 | Instagram: [@barsan_case](#)